



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Жаңару
жолындағы
жарқын қадам
2-бет



Байқаушылар
баға берді
3-бет



Бірегей
болмыстың
айнасы
8-бет



Жаңа Конституцияның қозғаушы күші



• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ Саналы Таңдау белгісі

Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде маңызды кезең болған республикалық референдумнан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазмедиа» орталығында үгіт-насихат жұмыстарына белсенді қатысқан жастармен кездесті. Кездесуде Президент ел болашағын айқындайтын саяси ғылымға жастардың белсенді араласуын жоғары бағалап, олардың қоғамдағы ролі арта түсетінін атап өтті.



Салтанат ІПІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы өз сөзінде референдум өткен күннің ел тарихында айрықша орын алатынын айтты. Президенттің айтуынша, бұл күн мемлекет өміріндегі маңызды бетбұрыс ретінде есте қалады. Сондай-ақ, ол 15 наурыз енді Конституция күні болып белгіленетінін айтып, Ата Заңның ел дамуы үшін ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

Шын мәнінде, бұл күн ел өмірінде мәңгі сақталады. Енді 15 наурыз – Конституция күні болып белгіленеді. Бұл – еліміздің басты құжаты. Мен басқа да мемлекеттердің Конституцияларымен танысып шықтым. Біздің Конституциямыз ең үздік Ата Заңдардың қатарында тұрады деп сеніммен айта аламын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жаңа Конституция ең алдымен, жастардың болашағына бағытталғанын ерекше атап өтті.

Ата Заңда волонтерлік қызметті дамыту, ғылым мен инновацияны қолдау, сондай-ақ, жасанды интеллект сияқты заманауи ұғымдардың енгізілуі – соның айқын дәлелі. Бұл өзгерістер жастардың қоғамдағы белсенділігін күшейтіп, олардың жаңа бастамаларына кең жол ашуға бағытталған.

Мемлекет басшысы референдум алдында жүргізілген кең ауқымды үгіт-насихат жұмыста-

рына тоқталып, жастардың бұл дамуға ерекше белсенділік танытқанын атап өтті. Оның айтуынша, ел алдында әлі де маңызды саяси міндеттер тұр.

– Ауқымды үгіт-насихат науқаны жүргізілді. Алдымызда жұмыс көп. Енді жазда Парламент сайлауы өтеді. Оны бір ел болып атқаруымыз керек. Бұл жастардың парламенті болуы қажет деп ойлаймын, – деді Президент.

Кездесу барысында «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Ескендірова, креативті индустрия өкілі әрі кәсіпкер Камил Байрамов, сондай-ақ, белсенді жастар Ержан Хамитов пен Нұрбол Серікбай сөз сөйлеп, референдумға дайындық кезеңіндегі жұмыстар туралы айтты. Олардың мәліметінше, соңғы бір ай ішінде еліміздің әр өңірінде түрлі форматтағы бес мыңға жуық кездесу өткізіліп, оған

бір жарым миллионнан астам азамат қатысқан.

Жастар жаңа Конституция елдің дамуына тың серпін беретін маңызды құжат екенін атап өтіп, жүргізіліп жатқан реформаларды қолдайтындарын жеткізді. Сонымен қатар, олар қоғамдағы өзгерістерге белсенді қатысып, мемлекет дамуына өз үлестерін қоса беретіндерін айтты.

Сурет akorda.kz

Еуразиялық интеграция институты, «ИКСИ «Социс-А» қоғамдық пікірді зерттеу орталығы және Қоғамдық саясат институты жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдум бойынша exit poll нәтижелерін жариялады.

Жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі exit poll алдын ала нәтижелері жарияланғаннан кейін мұндай нәтиже азаматтардың жоғары азаматтық белсенділігінің және бүкіл ел бойынша жүргізілген ауқымды түсіндіру жұмыстарының арқасында мүмкін болғанын атап өткім келеді.

Әсіресе, Қарағанды облысында жаңа Конституцияны түсіндіру бойынша жұмыс жүргізген Коалиция мүшелерінің еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Әріптестерімізбен бірге ұзақ уақыт бойы өңір тұрғындарымен кездесулер өткізіп, қала-аудандарды аралап, Конституцияның негізгі нормаларын жан-жақты түсіндіріп, азаматтардың сұрақтарына жауап берді. Әлеуметтік желіде үлкен нақанды жұмыс оқылды.

Осындай ашық әрі жүйелі жұмыс азаматтардың алдағы таңдауына саналы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Осы нәтиже қоғам, сарапшылар және ел болашағына бейжай қарамайтын азаматтар арасындағы үлкен ортақ жұмыстың, диалогтың қорытындысы деп бағалауға болады.

Мен Жаңа Конституция үшін дауыс бердім, өйткені алдағы жылдары өмірімізден әйелдерге қатысты зорлық мүлдем жойылса екен деп тілеймін. Біз, ана мен ару өздерін Негізгі Заңның қорғауында екенін сезінетін елде өмір сүруіміз керек.

Мемлекет пен қоғам әрбір, әсіресе, ата-анасы жоқ баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, оған тірек болуы тиіс.

Мен, әсіресе, жастар арасында, білім мен инновацияға ұмтылу нағыз қоғамдық үрдіске айналатын Қазақстан үшін дауыс бердім. Өйткені, тек білім мен адам әлеуетінің дамуы елдің болашағын өзгертіп, оның қауіпсіздігін нығайта алады деген сенімдемін. Білім мен инновацияға негізделген қоғамның болашағы жарқын. Сондықтан да, елімізді кемел болашақ күтіп тұрғанына сенемін.

Айжан ҚИЯСОВА,
Қарағанды облысы
өкіметінің гендерлік теңдік
мәселелері бойынша
штаттан тыс кеңесшісі

• БҮГІН – ШАҢҰАҚ КҮНІ

Әдемі әлемнің иесі

Қазақтың келісті келіні атанған Ольга Худяның әкесі – қытай, анасы – украин ұлтынан. Бір қызығы, Ольганың тілі қазақша шығыпты. Әйгілі «Қоянды жәрмеңкесі» өткен жерде өмірге келген ол өлке тарихын қазақ тілінде тарқатқанда, таңдай қағып қаласыз. Осындай рухты қыздың Қарқаралыдағы Оқановтар әулетіне келін болуы жарасымды.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тағдырдың жазмышымен Ольга әкесі Виктор Худя-Биннан, анасы Марина Оспи-чуктан жастайынан айырылады. Қос қанаты қырқылғанымен, өмірге деген өзгеше махаббаты қайратын мұқалтуға мұрша бермеді. Нағашы әжесі Людмиланың қолында өсіп, жылуын сезінеді. Жұдырықтай қыздың жанарындағы отты байқаған әжесі жанып тұрған жүрегіне от береді.

Ольганың қазақ тілін еркін меңгеріп кетуіне ортасының да әсері мол. Қаймағы бұзылмаған қайран орта! Қасиетті топырақ Қояндының қонысы. Ол осындағы №35 орта мектептен білім алады. Ондағы ұстаздар мен оқушылар Ольганың ана тіліне деген құрметін көріп, алақанына салады. Оқуда да оған оның ендігі ойлағаны – ұлағатты ұстаз болу.

Осы арманының ізіне түсіп, Қарағанды гуманитарлық колледжін бастауыш сынып мұғалімі және практикадағы психолог мамандығы бойынша тәмамдайды. Әрі қарай жоғары білімін тереңдетіп, Болашақ академиясында педагогика және психология мамандығы бойынша диплом алады.

Уақыт өте келе Ольга өзінің өмірлік жары Айдын Тұрсынұлымен отау құрады. Өзі өсіп-өнген қастерлі Қарқаралыға келін болады. Берекелі әулет Оқановтардың шаңырағының ақ келіні атанған оны өзге ұлт өкілі деп жатырмай, керісінше құрметпен қарап, қолдауын көрсетеді. Бірақ, өзге ұлттың өкілі деген негізі болмаса, болмысы қазақтың қызы. Ұлттық салт-дәстүрлерді жетік білетін, келін әдебінің бәрін бойына сыйдырған ол, әрине, қайыңжұртында сыйлы.

Ольга өлең оқығанды жанындай сүйеді. Және қалай оқиды? Ол осы бір бойындағы асыл өнері арқылы бірнеше телеарнадағы бағдарламаларға қонақ болып, көрермен көзайымына айналды. Әсіресе, Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Шаханов, Күләш Ахметова, Ақберен Елгезек, Қалқаман Сарин, Алмас Темірбай сынды лириктердің өлеңдерін жатқа соғады. Ең қызығы, осы өнері жолдасы Айдынмен танысуына сеп болыпты. Ольганың TikTok желісіндегі парақшасында кешкілік поэзия сағатын өткізіп отырғанын кезіктіріп қалған Айдын кілт тоқтап қалады. Талантына таңырқап қалған ол парақшасын ұзақ уақыт бақылап жүріп, сезімін білдіріп, алғашқы қадамын жасай-



ды. Уақыт өте келе жарасып, сөз байласып, бақытты сәттерін бастан кешіріп келеді.

Жан-жақты Ольга – қоғам белсендісі. «Отан Орда» Қарағанды қоғамдық бірлестігінің мүшесі. Мерекелік концерт жүргізеді.

Театрларда өлең оқиды. Кәсіби шеберлігі сондай, Астанада өтетін ауқымды іс-шараларға да шақырту алады.

► 4-бет

Жаңару жолындағы жарқын қадам

Елдің ертені таразыға түскен тарихи сәтте облыс тұрғындары азаматтық белсенділіктің жарқын үлгісін көрсетті. Таң ата жапалақтап жауған қарға қарамастан, облыс аумағындағы қалалар мен ауылдардағы дауыс беру учаскелеріне ағылған халықтың қарасы қалың болды. Көңіл күй көтеріңкі, жүздері сенім мен жауапкершілік қатар сезілді. Өйткені, бұл күн – мемлекет тағдырына бағыт беретін, елдің басты құжаты – Ата Заңға қатысты маңызды шешім қабылданатын ерекше кезең еді.

Өңірде республикалық референдумды өткізу үшін 637 учаскелік комиссия жұмыс істеп, облыс бойынша 757 мыңнан астам азамат дауыс беру құқығына ие болды. Референдумды ұйымдастыру жұмыстарына барлығы 651 комиссия тартылған.

Референдумның нәтижесі жөнінде алдын ала мәліметтерге сәйкес, аймақта дауыс беруге қатысқан азаматтардың үлесі 84,30 пайызды құрады. Еуразиялық интеграция институты жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижесіне сүйенсек, референдумға қатысқан азаматтардың 86,7 пайызы «Иә, қабылдаймын» деп дауыс берген.

Жәлел ШАЛҚАР
«Ortalyq Qazaqstan»

Азаматтық ұстаным алаңы

Дауыс беру күні барлық учаскелер таңғы сағат 7:00-де ашылып, кешкі 20:00-ге дейін тұрғындарды қабылдады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев референдум учаскесіне келіп, азаматтық ұстанымын білдірді.

– Мен бүгін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде еліміздің, өзімнің және балаларым-

Ахмет Йенер дауыс беру барысына оң баға берді.

Облыстық референдум комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркенов нақанды ұйымдастыруға ауқымды күш жұмылдырылғанын айтады.

– Референдумды ұйымдастыру және өткізу барысында 14 аумақтық (1 облыстық және 13 аудандық/қалалық) және 637 учаскелік комиссия жұмыс істеді. Комиссиялардың құрамында 4 мыңнан астам адам қызмет атқарды. Олардың басым бөлігі – бұған дейін сайлау немесе



онлайн форматта қызмет көрсетті. Денсаулығына байланысты учаскеге келе алмайтын тұрғындарға үйден дауыс беру мүмкіндігі ұсынылды.

Ұлы Отан соғысының ардагері, жүз жастан асқан Сұңғат Сәттіғұлов денсаулығына байланысты үйінде дауыс берді. №170 учаскелік референдум комиссиясының мүшелері ардагердің үйіне арнайы барып, белгіленген тәртіп бойынша дауыс беруіне мүмкіндік жасады.

– Біз соғысты көрдік, бейбіт өмірдің қадірін жақсы білеміз. Сондықтан, ел болашағына қатысты мәселеге әр азамат бейжай қарамауы керек. Мемлекетіміздің дамуына әркім өз үлесін қосып тиіс, – деді қария. Балқаш қаласының 99 жастағы тұрғыны Кәмпит Төлендинова да референдумнан шет қалмай, бағасын берді.

Референдумның ашық әрі жариялы өтуіне байқаушылар да үлес қосты.

Облыс аумағында 17 қоғамдық ұйым ресми түрде аккредиттеліп, олардың өкілдері учаскелердегі дауыс беру процесін, бюллетеньдерді

де Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Өмір Көріп те референдум учаскесіне келіп, азаматтық ұстанымын білдірді.

– Азаматтық жасқа жеткеннен бері ешқашан сайлаудан қалған емеспін. Ата Заң – ел еркіндігін қорғаушы құжат, – деді қаламгер.

Ұстаздар, дәрігерлер, мәдениет қызметкерлері, кәсіпкерлер мен студенттер де өз таңдауларын жасап, белсенділік танытты. Әлем чемпионы, атакты түйе балуан Самалбек Айнаатаев пен ардагер спортшы Дәрібай Оспанов та референдумға қатысып, жастарға үлгі көрсетті.

Chingizkhan мото-клубының мүшелері – клубтың вице-президенти Асылбек Сәбилов пен байкер Мишен Петр өз учаскелерінде дауыс берді.

Көптеген тұрғындар референдумға отбасымен келді. Қарқаралы тұрғыны Мардан Әлжан жұбайы Бибінуяр Саятқызы және төрт баласымен бірге дауыс берді.

– Әр адам дауыс беру арқылы ел дамуына өз үлесін қосады. Бұл – әр азаматтың борышы, – деді ол.

Кейбір учаскелерде тұрғындар ерекше форматта келіп, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Приозерск қаласында Жанар Каримбаева аю костюмін киіп келсе, Ботақара кентінде жыл символдарын бейнелеген өнерпаздар – жыл мен жылқы кейпіндегі кейіпкерлер символикалық түрде дауыс берді.

Теміртауда жаңа отау құрған Назерке Тілекова мен Жандос Алмасов некелері қиылған күні референдумға келіп, ел болашағы үшін дауыс берді.

Көру қабілеті нашар сайлаушы Сағынай Сағынш Брайль қарпімен жазылған Конституцияны пайдаланып, өз таңдауын жасады.



– Бізге Брайль қарпідегі Конституция үлкен көмек болды. Оқып, танысып, бүгін дауыс беруге келдім, – деді ол.

Биыл облыс бойынша 13 мыңнан астам 18 жастағы азамат алғаш рет дауыс беру құқығына ие болды. Оларды ақпараттандыру мақсатында өңірдің қала-аудандарында аумақтық комиссиялар жанынан құрылған 14 «Жас сайлаушылар» клубы түрлі кездесулер мен танымдық іс-шаралар ұйымдастырды.

Көптеген учаскелерде ұлттық әндер шырқалып, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды. Қолөнер шеберлері көрме өткізіп, зейнеткерлер тоқыма бұйымдарын ұсынды. Кейбір ұжымдар шағын концерт қойып, өнерпаздар халық әндерін орындады.

Exit poll нәтижесі

Алдын ала жүргізілген Exit poll нәтижелері бойынша референдумға қатысқан азаматтардың басым бөлігі жаңа жобаны қолдаған.

Еуразиялық интеграция институты жүргізген әлеуметтік сауалнама қорытындысына сәйкес, дауыс бергендердің 86,7%-ы «Иә, қабылдаймын» деп жауап берген.

Бұл зерттеу Қазақстанның 17 облысында және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында орналасқан 200 референдум учаскесінде жүргізілді. Сауалнамаға 30 мың респондент қатысты.

Ал, «СОЦИС-А» кешенді әлеуметтік зерттеулер институтының Exit poll қорытындысы бойынша, қатысушылардың 87,4%-ы жаңа Конституцияны қолдаған.

Сарапшылардың айтуынша, сауалнама нәтижелерінің статистикалық қателігі 1%-дан аспайды.

Түйін

Кеншілер өлкесінде өткен республикалық референдум қоғамның барлық буынын біріктірген маңызды саяси оқиға болды. Бұл күні учаскелерге гасыр жасаған майдангерлер, ақ жаулықты аналар, өндіріс ардагерлері, спортшылар, жазушылар, жастар, жас жұбайлар, кәсіпкерлер мен студенттер келді. Бірі өнерімен, бірі еңбегімен, енді бірі азаматтық белсенділігімен ерекшеленді.

Референдум халық еркін билдіретін демократиялық тетік әрі елдің болашағына деген ортақ жауапкершіліктің көрінісі болды. Аймақтағы белсенділік ел тағдыры шешілетін сәтте қоғамның бір мақсатқа жұмыла алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Дамудың жаңа кезеңі

Қазақстанда референдум бойынша алғашқы Exit poll нәтижелері жарияланды. Бұл сауалнаманы Еуразиялық интеграция институты жүргізген. Ал, нәтижелерін 24.kz телеарнасы хабарлады.

Сауалнама референдум учаскелерінен шығып жатқан азаматтар арасында өткізілген. Ол еліміздің 17 облысын, сондай-ақ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларын қамтыды. Барлығы 200 учаскеде зерттеу жүргізілді. Оның 129-ы қалаларда, ал, 71-і ауылдық жерлерде орналасқан.

Exit poll-ға шамамен 30 мың адам қатысқан. Алдын ала нәтижеге қарағанда, респонденттердің 86,7 пайызы «Иә, қабылдаймын» деп дауыс берген. Сондай-ақ, жалпы сайлаушылардың шамамен 75,3 пайызы референдумға қатысқаны анықталған.

Өрине, бұл алдын ала жүргізілген сауалнаманың қорытындысы ғана. Ал, түпкілікті нәтижені тиісті мемлекеттік органдар ресми түрде жариялайды. Дегенмен, алғашқы мәліметтердің өзі референдумның жоғары деңгейде ұйымдастырылып, азаматтардың өз таңдауын айқын білдіргенін аңғартады.

Жалпы алғанда, саяси нақан сабырлы әрі жүйелі өтті деуге негіз бар. Азаматтар ел болашағына қатысты маңызды мәселеге бейжай қарамай, өз көзқарасын білдірді. Осы тұрғыдан алғанда, біз бұл саяси үдерісті ойдағыдай өткердік деуге болады. Ең бастысы – мемлекет дамуының келесі кезеңіне ықпал ететін маңызды шешім қабылданғандай әсер қалдырады.

Меруеш БАШАЙ,
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы
Қарағанды облыстық филиалының басшысы, Қазақстанның Мәдениет қайраткері

Жаңа Қазақстан үшін

15 наурыз тарихымызға ел дамуының бағыт-бағдарын айқындаған маңызды күн ретінде жазылды.

Exit poll қорытындысы таныстырылғаннан кейін Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мәлімдеме жасап, Қазақстан халқы жаңару мен жаңғыру үшін дауыс бергенін, бұл – баршаға ортақ жетістік екенін айтты.

Шын мәнінде, референдум нәтижесі – азаматтарымыз ел болашағына бейжай қарамайтын және Мемлекет басшысының реформаларын қолдайтын тағы бір мәрте көрсетіп берді. Қазақстандықтардың белсенділігі мен жоғары азаматтық жауапкершілігі егемен еліміздің демократиялық дамуының мызғымас кепілі екені анық.

Сондықтан, азаматтар аталған тарихи шешім арқылы елдің ұзақмерзімді даму стратегиясын анықтап, нағыз Халық Конституциясын қабылдайды деуге толық негіз бар. Бұл – Әділетті Қазақстан құру жолындағы аса маңызды және тағдыршешті қадам.

Алдымызда Тәуелсіздікті нығайту және Отанымызды одан әрі өркендету жолындағы ауқымды жұмыстар күтіп тұр.

Қадиша ОСПАНОВА,
облыстық мәслихат депутаты



ның болашағы үшін таңдау жасауға келдім. Өз таңдауыңды жасау – жаңа мүмкіндіктер мен тың бастамалардың негізі. Әрбір азаматтың бүгінгі таңдауы ел дамуының алдағы онжылдықтардағы бағытын айқындайды, – деді өңір басшысы.

Референдумда өңірдегі бірқатар мемлекеттік және қоғамдық қызмет өкілдері де дауыс берді. Солардың қатарында облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кожанов, облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов және басқа да ел азаматтары бар. Олар өздері тіркелген учаскеде таңдауын жасап, ел болашағына қатысты маңызды шешімге үлес қосты.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі, заң ғылымдарының докторы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков референдумның тарихи маңызына тоқталды.

– 1995 жылғы Конституция тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі мемлекеттің негізін қалаған құжат еді. Ал, бүгінгі өзгерістер – дамыған әрі қалыптасқан мемлекеттің жаңа кезеңге қадамы, – деді ол.

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбек жаңа Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтары басты құндылық ретінде айқындалғанын атап өтті.

Қазақстандағы референдумға халықаралық байқаушылар да қатысты. Түркия Республикасы Жоғарғы сайлау кеңесінің төрағасы



референдум науқандарында тәжірибе жинақтаған мамандар. Ал, дауыс беру барысының ашық әрі жариялы өтуін 17 қоғамдық ұйымның байқаушылары бақылап отырды, – деді ол.

Референдум барысында азаматтардың дауыс беру құқығын толық қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қатысуына қолайлы жағдай жасау басты назарда болды. Көптеген учаскелерде пандустар орнатылып, тактильді көрсеткіштер мен арнайы дауыс беру кабинеттері қарастырылған.

Облыс бойынша 140 инвентаризация қызметі ұйымдастырылып, қажет болған жағдайда азаматтарды учаскелерге жеткізу қамтамасыз етілді. Есту қабілеті бұзылған азаматтар үшін 74 сурдоаудармашы

санау рәсімін және комиссиялардың жұмысын бақылауға мүмкіндік алды. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке де ерекше көңіл бөлінді. Дауыс беру күні барлық учаскелерде құқық қорғау органдарының қызметкерлері кезекшілік атқарып, азаматтардың қауіпсіз әрі еркін дауыс беруіне жағдай жасады.

Тарихи сәтте белсенділік танытты

Референдумға қоғамның барлық саласының өкілдері белсенді қатысты. Балқаш мыс қорыту зауытында 39 жыл еңбек еткен өндіріс ардагері Ерлан Сыздықов дауыс беріп, ел болашағына қатысты шешімдерге бейжай қарауға болмайтынын айтты. Шет ауданындағы Ақадыр кентінің

дәрігерлері ұлықтауды басты бағыт ретінде айқындайды. Мәдениет қайраткерлеріне қолдау көрсету және қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту – рухы биік халықтың белгісі. Мәдениеті мықты елдің іргесі әрқашан берік болмақ.

Жаңа реформалардың ең маңызды жеңістерінің бірі – азаматтардың әлеуметтік құқықтарын күшейту. Әсіресе, «Жалғыз баспана» мәселесіне қатысты нормалар халықтың әлеуметтік қауіпсіздігін арттырады.

Азаматтардың конституциялық құқықтары аясында олардың жалғыз баспанасын заңсыз тартып

алуға немесе қиын жағдайда баспанасыз қалдыруға жол берілмейтін механизмдер қарастырылған. Мемлекет әрбір отбасының шаңырағы биік, босағасы берік болуы үшін заңдық кепілдік береді.

Бұл өзгерістер қоғамдағы әділдік орнатудың басты құралына айналады. Конституциялық соттың рөлін күшейту арқылы әрбір қазақстандық өз құқығының қорғалатынына сенімді болады. Біз «Адам – мемлекет үшін емес, мемлекет – адам үшін» деген қағиданы басты орынға қойдық.

Жаңарған Конституция – бұл

Әлеуметтік әділдіктің кепілі

Кешегі тарихи таңдау – еліміздің даму жолындағы жаңа белес. Халық қолдаған конституциялық реформалар тек саяси жүйені жаңғыртпн қоймай, мемлекеттің интеллектуалдық, мәдени және әлеуметтік негіздерін нығайтады. Бұл – Әділетті Қазақстанның нақты бейнесі.

Жаңартылған Ата Заңымыздың аясында ғылым мен инновацияға басымдық берілуі – заман талабы. Біз шикізатқа тәуелділіктен арылып, білім экономикасын құруды көздейміз. Мемлекет ғалымдардың мәртебесін көтеріп, зерттеу жұмыстарына жағдай жасауды өз міндетіне алады.

Жастардың стартаптары мен технологиялық ізденістері консти-

туциялық деңгейде қолдау тауып, елдің цифрлық егемендігін нығайтады. Бұл – біздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігіміздің кепілі.

Біздің басты байлығымыз – бай рухани мұрамыз. Конституциялық өзгерістер ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға жаңа серпін береді. Мемлекет тарихи жәдігерлерді қорғауды және ұлттық құн-

Digital Nauryz – даңғайыр дәуір дүбірі



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс көлемінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне арналған ауқымды шаралар «Наурызнама» онкүндігі аясында өткізіліп жатыр. Билікті мерекелік іс-шаралар Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы бастамалармен ұштасып, дәстүр мен заманауи технологияның үйлесімін айқындай түсуде. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында мәлім болды.



Ерқанат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Аймақта ұйымдастырылатын барлық ірі мәдени іс-шаралар «Цифрлық Наурыз» платформасы шеңберінде тоғыстырылды. Атаулы алаң арқылы тұрғындар мерекелік бағдарламалардың өтетін уақыты мен орнын біліп қана қоймай, олардың онлайн-трансляциясын да тамашалай алады. Жалпы, «Наурызнама» онкүндігі аясында облыс көлемінде 1000-нан астам іс-шара өткізу жоспарланған, – деп сабақтасты сөзін ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

Бүгін 17 наурыз – Отбасы құндылықтары күні. Осыған орай, 25 және 50 жыл бірге өмір сүрген үлгілі отбасыларға құрмет көрсетіледі. Перзентханаларда дүниеге келген сәбилердің ата-аналарына «Наурыз-базарлық» сыйлық жиынтықтары табысталады. 18 наурызда республикалық «Ұлттық киім күні» челленджі басталады. Оған мәдениет және қоғам қайраткерлері, өнер жұлдыздары, спортшылар, блогерлер, жастар, мемлекеттік қызметшілер мен еңбек ұжымдары қатысады.

19 наурыз – Жаңару күні ретінде белгіленген. Осы күні «Наурыз – жаңару мен бірліктің символы» тақырыбында бейнероликтер дайындалып, жарияланады. Сонымен қатар, мектептер мен колледждерде роботтехника бағытындағы ілкімді іс-шаралар өтеді. 20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Бұл күні өңірдің барлық аумағында қазақ күресі, тоғызқұмалақ және басқа да ұлттық спорт түрлерінен жарыстар мен турнирлер ұйымдастырылады.

Иә, Ұлыстың ұлы күні – елдік мереке. Негізгі мәдени-көпшілік шаралар 21-22 наурыз күндері. Облыстың орталық алаңдары мен саябақтарында этноауылдар құрылып, 200-ге жуық киіз үй тігіледі. Концерттер, театрландырылған қойылымдар, мерекелік жәрмеңкелер мен спорттық жарыстар ұйымдастырылады. 21 наурыз күні Қарағанды қаласының Орталық саябағында облыстық басты мерекелік іс-шара өтеді. Ол онлайн режимде де тікелей көрсетіледі. Сол күні Кеңешілер мәдениет сарайында дәстүрлі облыстық айтыс ұйымдастырылып, бұл өнер додасы республикалық деңгейде кеңінен насихатталады.

Ал, 23 наурызда жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында саябақтар мен алаңдарды қар мен қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыстар мерекенің кейінгі тазалықты сақтауға бағытталған. Қазіргі таңда облыстың барлық қалалары мен аудандары мерекелік нақышта безендірілген. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде «Наурызнама» онкүндігіне арналған кең ауқымды ақпараттық науқан жүріп жатыр.

– Сонымен қатар, «Жасанды интеллект жылы» аясында жүзеге асырылып жатқан «Digital Наурыз – 2026» тұжырымдамасы шеңберінде мерекелік бағдарламаға жаңа интерактивті және цифрлық форматтар енгізіледі. Осы орайда жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, дайындалған промо-роликтер, музейлік сабақтар және Наурыз дәстүрлерімен таныстыратын онлайн-музейлік сабақтар ұйымдастырылмақ. Мерекенің ең ауқымды алаңдарының бірі Қарағанды қаласындағы Орталық мәдениет және демалыс саябағы болмақ, – деп хабарлады облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Әтелбайұлы.

Саябақтың орталық бөлігінде арнайы инфрақұрылымдық нысандар орналастырылып, келушілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру көзделген. Жоба аясында 30×60 метрлік

басты шатыр, киіз үйлер кешені, ұлттық спорт алаңдары, колөнершілер аймағы, сауда павильондары, арт және фотозоналар, балалар ойын алаңы, алтыбақан, тағам аймағы, сәндік кіреберіс арка орнатылады. Кіреберіс бөлігінде ұлттық нақыштағы арка мен ту тұғырлары орнатылып, мерекенің алғашқы әсерін қалыптастыратын ерекше символдық кеңістік жасалады. Әрбір киіз үй белгілі бір тақырыпта безендіріліп, онда қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық тағам мәдениеті, тарихи мұрасы мен колөнері кеңінен таныстырылады.

Ұлттық спорт алаңында қазақ күресі, асық ату, арқан тарту, садақ ату секілді дәстүрлі ойындардан жарыстар өтеді. Бұл бір жағынан ұлттық мұраны дәріптесе, екінші жағынан жастарды қызықтыратын серпінді алаң болмақ. Мерекенің негізгі мәдени орталығы басты шатырдағы концерттік және театрландырылған бағдарлама болады. Ол 21 наурыз күні сағат 12:00-де басталып, екі күн қатарынан жалғасады. Бағдарламаға өңірдің шығармашылық ұжымдары мен өнерпаздары қатысып, арнайы шақырылған қонақтар – Нұрлан Өнербаев, «Жігіттер» тобы және Маржан Арапбаева өнер көрсетеді. Мұнда дәстүрлі әндер, ұлттық билер, театрландырылған қойылымдар мен заманауи шығармашылық бағыттар үйлесім табады.

Тұжырымдама аясында заманауи форматтағы арнайы жобаларға да ерекше көңіл бөлінген. Соның бірі – Wow! Наурыз жобасы. Бастама Наурыздың дәстүрлі мазмұнын жаңа форматта ұсынып, жастарды, балаларды және қала тұрғындарын ортақ мерекелік кеңістікке тартуға бағытталған. Жоба аясында түрлі сыйлықтар ұтысы, колөнершілер көрмесі, аниматорлық бағдарламалар, ұлттық электронды музыка, би алаңдары, фотозоналар, ба-

ларға арналған ойын алаңдары, шеберлік сабақтары ұйымдастырылады.

Қауіпсіздік пен ұйымшылдық – басты назарда. Мұндай ауқымды мерекені өткізу барысында қауіпсіздік, санитарлық талаптар, қоғамдық тәртіп, көлік пен жаяу жүргінші қозғалысын реттеу, техникалық қамтамасыз ету, экологиялық тазалық және ақпараттық сүйемелдеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Барлық жауапты құрылымдардың үйлесімді жұмысы мерекелік шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырудың басты кепілі болмақ.

– Digital Nauryz іс-шараларының жалпы жоспары жастарды жаңа технологияларға тартуға және цифрлық мәдениетті дамытуға арналған төрт негізгі бағыттағы іс-шараны қамтиды. Мәселен, 16 наурыз күні Қарағанды қаласындағы «Терриконова долина» IT-хабы базасында музейлер мен театрлар қатысатын бірлескен іс-шара өтеді. Оның аясында Қарағанды музыкалық комедия театры қызметкерлеріне жасанды интеллект нейрожелілерін пайдалану бойынша оқыту ұйымдастырылады. Сабақ барысында қатысушылар Suno, Higgsfield AI және ChatGPT секілді заманауи цифрлық құралдармен жұмыс істеуді үйренеді, – деп мәлімдеді облыстың ақпарат-андыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий.

17 наурыз күні Қарағанды қаласының Орталық саябағында ерекше интерактивті акция ұйымдастырылады. Шара барысында үшкішісіз ұшу аппараттары – дрондардың көмегімен бауырсақ тарту жоспарланды. Акция ұлттық дәстүрді заманауи технологиялармен ұштастыра отырып, мерекелік көңіл-күй сыйлауды көздейді. 21 наурыз күні «Терриконова долина» IT-хабында Қарағанды Урбанистика орталығы ұйымдастыратын Наурызға арналған фестиваль өтеді. Фестивальдің серіктесі – Kazpromavtomatika компаниясы. Олар өндірістік және басқа да міндеттерді орындауға арналған робот-қол құрылғысын таныстырады. Бұдан бөлек, Digital Nauryz эмблемасы «Наурызнама» онкүндігі аясындағы басқа да мерекелік іс-шараларда кеңінен қолданылады.

Өз кезегінде аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев құзырлы мекемелердің басшылары мен қала-аудан әкімдеріне «Наурызнама» онкүндігі аясындағы барлық іс-шаралардың мазмұнын, жоғары деңгейде әрі ұйымдасқан түрде өтуін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Сондай-ақ, ол мерекелік шараларды өткізу барысында қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, санитарлық талаптар, инфрақұрылымның дайын болуы, көлік қозғалысын реттеу және тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Байқаушылар баға берді

Байқаушылардың әлеуметтік желідегі жарияланымдары мен ресми мәліметтерге сүйенсек, өңірде референдум учаскелерінде азаматтардың белсенді болғаны байқалды. Тұрғындар ел үшін маңызды саяси науқанға жауапкершілікпен қарайтынын аңғартты.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Референдум күні «Сайлау туралы» Заң талаптарына сәйкес Қарағанды қаласындағы барлық дауыс беру учаскелері таңғы сағат 7:00-де ашылып, штаттық режимде жұмысын бастады. Учаскелік комиссия төрағалары мен мүшелері дауыс беру процесінің заң талаптарына сай және ашық өтуін қамтамасыз етті. Азаматтардың еркін дауыс беруі үшін барлық қажетті жағдай жасалды.

Жалпы Қарағанды қаласында 189 учаскелік референдум комиссиясы жұмыс істеп, олардың құрамында 1 513 комиссия мүшесі қызмет атқарды. Сонымен қатар аккредитациядан өткен қоғамдық ұйымдар мен жергілікті бақылау жүргізетін ұйымдардан 835 байқаушы тіркелді. Бұдан бөлек, дауыс беру учаскелеріне қатысу үшін шетелден келген 28 халықаралық байқаушы да учаскелерді аралап шықты.

Байқаушылардың айтуынша, облыс бойынша өткен референдум барысында заңбұзушылықтар тіркелген жоқ.

Референдумды өткізу заңдылығына шетелдің байқаушылары да көз жеткізді. Атап айтқанда, Ұлыбритания және солтүстік құрама корольдігінен келген байқаушы ретінде келген екі азамат дауыс беру үдерісін бақылады. Дауыс берудің ашық әрі тыныш жағдайда өткенін Қарағанды қаласындағы №68 учаскеде байқаушы болған Виктория Дильман да атап өтті. Оның айтуынша, референдум жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

– Референдум күні Қарағанды қаласындағы №68 учаскеде заң бұзушылықтар тіркелген жоқ. Дауыстарды санау қорытындысы бойынша референдум қатысушыларының басым көпшілігі жаңа Конституцияны қолдады, – деді ол. Теміртау қаласындағы байқаушылар да референдумның ашық әрі әділ өткенін жеткізді. №258 сайлау учаскесінің байқаушысы Абзал Хамидулла дауыс беру процесінде барлық талаптардың сақталғанын жеткізді.

– Референдум мәресіне жетті. Учаскелік комиссия мүшелері мен байқаушылар арасында өзара түсіністік пен ашық жұмыс жүргізілді. Азаматтар ұстанымын еркін білдіруге толық мүмкіндік алды. Комиссияның алдын ала қорытынды есебіне сәйкес, жаңа Конституция халық тарапынан кең қолдауға ие болды, – деді ол.

Абай ауданындағы байқаушылар да тұрғындардың жоғары белсенділігіне назар аударды. «Дауыс» қоғамдық бірлестігінің бақылаушысы Пернегүл Мұратбектің айтуынша, дауыс беруге келгендер қа-

тары қалын.

– Абай ауданындағы №359 сайлау учаскесіне «Дауыс» қоғамдық бірлестігі атынан байқаушы ретінде қатыстым. Күні бойы келген халықтың қарасы қалың, белсенділігі жоғары болды. Азаматтар таңдауларын еркін білдіріп жатты. Учаске жабылған соң нәтиже есептеу барысын қадағаладым. Комиссия хаттамаларында көрсетілген дауыстарды санау қорытындысы бойынша көпшілік жаңа Конституцияны қолдады, – деді Пернегүл Мұратбек.

Жалпы, байқаушылар мен сарапшылардың пікірін негізге аласақ, Қарағанды облысында референдум ашық, әділ және жоғары ұйымдастырылған деңгейде өтті.

Алдын ала қорытынды деректер бойынша, референдумға қатысу деңгейі ел бойынша 73,24 пайызды құраса, Қарағанды облысында бұл көрсеткіш 84,30 пайызға жетті. Бұл өңір тұрғындарының елдегі маңызды саяси процестерге жоғары қызығушылық танытқанын көрсетті.

Сонымен қатар, Exit poll нәтижелері бойынша азаматтардың 86-88 пайызы жаңа Конституцияны қолдағаны белгілі болды. Сарапшылардың айтуынша, бұл қоғамның мемлекет жүргізіп отырған реформаларға және елдің жаңғыру үдерісіне деген сенімінің жоғары екенін аңғартты. Өңірдегі ірі кәсіпорындардың еңбек ұжымдары да референдум нәтижесіне қатысты пікір білдіріп, елдегі реформаларды қолдайтындарын жеткізді. Оның қатарында қара металлургияның флагманы саналатын Qazmet компаниясының еңбек ұжымы да бар. Ұжым жаңа Конституцияны қолдайтынның бойынша реформаның еңбек ұжымы да бар. Ұжым жаңа Конституцияны қолдайтынның бойынша реформаның еңбек ұжымы да бар. Ұжым жаңа Конституцияны қолдайтынның бойынша реформаның еңбек ұжымы да бар.

Осылайша референдум – жалпы Қазақстандағы саяси жаңғыру үдерісінің маңызды кезеңдерінің бейнесіне айналды. Азаматтардың жоғары белсенділігі мен қоғамның реформаны қолдауы елдің демократиялық даму жолындағы қадамының нық екенін көрсетті.

Байқаушылар өңірдегі дауыс беру учаскелерінде күні бойы келушілер легі үзілмегенін атап отыр. Тұрғындардың белсенді азаматтық ұстанымдарын танытуы – өңір халқының елдегі маңызды саяси өзгерістерге жауапкершілікпен қарайтынын байқатты.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Бағыт айқын, бағдар нық

Республикалық референдум еліміздің саяси тарихындағы айтулы белес, әрі Әділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадам болды. Бұл қадам қазақстандықтардың ертеңгі күнге деген таңдауы мен нық сенімін көрсетті. Бұны жай ғана құрғақ статистика деп емес, халықтың өзгеріске деген шынайы құлшынысы мен ертеңгі күнге деген зор сенімі деп білсек керек.

Exit poll нәтижелері көрсеткен 86,7 пайыздық қолдау – халықтың өзгерісті құптауының айқын дәлелі. «ДАУЫС» қоғамдық бақылаушылар коалициясының өкілі ретінде бұл процестің ашықтығы мен әділдігін өз көзіммен көріп, азаматтық белсенділіктің жаңа деңгейіне куә болдым.

Біздің «ДАУЫС» қоғамдық бақылаушылар коалициясының мәліметінше, әсіресе, Қарағанды облысында сайлаушылардың белсенділігі өте жоғары болды. Облыстық сайлау комиссиясы

ұсынған 84,3 пайыздық көрсеткіш біздің бақылау нәтижелерімізбен толық сәйкес келеді. Бар-жоғы 1,5 пайыздық ауытқу – кез келген демократиялық процесс үшін табиғи әрі қалыпты жағдай. Мұндай жоғары белсенділік халықтың ел тағдырына бейжай қарамайтынын, әрбір дауыстың маңызды екенін терең түсінгенін көрсетеді.

Жобаның референдум қатысушылары тарапынан осыншалықты жоғары деңгейде қолдау табуы неден хабар береді? Бұл, ең алдымен, қазақстандықтардың

прогрессивті, жан-жақты дамыған әрі ашық мемлекетке өмір сүруге деген талпынысын айқындайды.

Конституцияға енгізілген түзетулер – жаңа бағыттың іргетасы. Халық «иә» деп дауыс беру арқылы осы фундаменттің қалануына өзі тікелей атсалысты. Біз осы бағыттан айнымай, одан әрі нық қадаммен алға жылжуымыз қажет.

Мұндай маңызды саяси додаларда қоғамдық институттар мен азаматтық қоғамның ролі ерекше. Біз әрбір азаматтың белсенділігі сайлаудың тазалығы мен әділдігіне тікелей әсер ететінін түсінуіміз керек. Қоғамдық бақылау – бұл заңдылық пен ашықтықтың кепілі.

Біздің коалиция мен өзге де азаматтық қоғам институттары референдум алдында жана

Конституцияның мәнін халыққа түсіндіру бойынша ауқымды жұмыс атқарды. Соның нәтижесінде, адамдар сайлау учаскелеріне не үшін бара жатқанын, қандай өзгерісті қолдайтынын терең сезініп барды. Бұл – өркениетті қоғамға тән құбылыс.

Ең бастысы, біз «Заң мен тәртіп» қағидатын ту етіп, саяси өмірге белсене араласатын деңгейге жеттік. Азамат болу – тек құқықты иелену емес, сонымен бірге, мемлекет алдындағы үлкен жауапкершілікті сезіну. Осы жауапкершілік барда даму да, тұрақтылық та болады.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО, Қарағанды облысының Азаматтық альянсының төрағасы

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Күш санда емес, сапада

Аймақтағы жастар саны 300 мыңнан асады. Бұл – өңір халқының төрттен бірі. Демек, облыстың ертеңгі экономикалық қуаты да, әлеуметтік келбеті де осы буынның белсенділігіне тікелей байланысты. Десе де, статистикаға зер салсақ, еңбек нарығында жастар үшін бірқатар кедергі бар. Ресми жұмыссыздық деңгейі төмен болғанымен, NEET санатындағы жастардың үлесі мәселенің әлі де күрделі екенін аңғартады. Диплом мен жұмыс берушінің қатаң талабы арасындағы алшақтық кешегі түлектің жолын байлап, маман ретінде қалыптасуына тұсау болуда. Екі қолға бір күрек таппай, қоғамның белсенді тіршілігінен тыс қалып отырған жас буынның тағдыры – тек жеке бастың мәселесі емес, бүкіл аймақтың ертеңіне қатысты ортақ уайым.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қозғаушы күш

Кез келген қоғамда жастар ең белсенді әлеуметтік топтың бірі екені хақ. Облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың дерегіне, өңірде 14 пен 34 жас аралығындағы 303 мыңнан астам жас тұрады. Бұл облыс халқының 26,4 пайызын құрайды. Яғни, әрбір төртінші тұрғын – жас. Жастар құрылымына зер салсақ, олардың басым бөлігі қалалық ортада өмір сүретінін аңғаруға болады. 239 мыңнан астам жас қалада, ал, 64 мыңнан аса жас ауылдық жерлерде тұрады.

Мұндай демографиялық көрініс еңбек нарығына да тікелей әсер етсе керек. Себебі, қалада білім алу, жұмысқа орналасу және кәсіп бастау мүмкіндіктері әлдеқайда кең. Сондықтан, жастардың негізгі бөлігі еңбек нарығына дәл осы қалалық орта арқылы араласады. Дегенмен, жастар санының көп болуы еңбек нарығына қатысты жаңа міндеттерді де жолға қояды. Жас буынды сапалы біліммен қамту, кәсіби бағдар беру және еңбекке тарту – бүгінгінің өзекті мәселесінің бірі.

Облыстық Еңбек мобильділігі орталығы ұсынған мәліметтерге сүйенсек, бүгінде өңірде 14 544 адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Олардың 6 679-ы жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алып отыр. Бұл азаматтар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы берілетін төлемдерге ие. Мұндай қолдау еңбек нарығында уақытша қиындыққа тап болған адамдардың әлеуметтік тұрақтылығын сақтауға бағытталған.

Жалпы көрсеткіштерді саралайтын болсақ, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі салыстырмалы түрде жоғары емес. Ресми деректер бойынша өңірде жастар жұмыссыздығы шамамен 3 пайыздың төңірегінде қалыптас-

қан. Бұл – республикадағы орташа көрсеткішке жақын деңгей.

Дегенмен, статистиканың бұл көрінісі еңбек нарығындағы жағдайды толық сипаттай бермейді. Өйткені, жастардың бір бөлігі ресми жұмыссыздар қатарында тіркелмегенімен, тұрақты жұмыспен қамтылмаған немесе уақытша еңбекпен шектеліп жүрген жағдайлар да кездеседі. Мысалы, кейбір жас мамандар диплом алғанымен, өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмай, басқа салада уақытша табысқа жүгінеді.

«Bolashaq» академиясының Mass-Media орталығының маманы Гүлден Нақыптың айтуынша, жастардың еңбек нарығына бейімделуіне бірнеше фактор әсер етеді. Атап айтқанда, еңбек тәжірибесінің жоқтығы, жұмыс берушілер талап ететін кәсіби дағдылардың жеткіліксіздігі және мамандық таңдаудағы сәйкессіздік – жиі кездесетін мәселелердің бірі.

Әсіресе, жоғары оқу орнын жаңа аяқтаған түлектер үшін алғашқы жұмысқа орналасу – күрделі кезең. Көп жағдайда жұмыс берушілер тәжірибесі бар мамандарды іздейді. Ал, тәжірибесі жоқ жас маман үшін еңбек нарығына алғашқы қадам жасау оңай бола бермейді. Әлбетте, жастардың еңбек нарығына біртіндеп бейімделуі үшін мемлекет тарапынан қарастырылған қолдау тетіктері маңызды рөл атқарады. Мұндай бағдарламалар жас мамандардың алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтап, кәсіби ортаға тезірек бейімделуіне мүмкіндік береді, – дейді маман.

«Екі қолға бір күрек» таппағандар

Еңбек нарығындағы жағдайды толық түсіну үшін тек жұмыссыздық деңгейіне ғана сүйену жеткіліксіз. Өйткені еңбек пен білім жүйесінен тыс қалып отырған жастардың тағы бір санаты бар. Мамандар бұл топты «NEET санатындағы жастар» деп атайды.

Еңбек нарығындағы ахуалды бағамдауда тағы бір маңызды ұғым бар. Ол – NEET санатындағы жастар. Бұл ұғым ағылшын тіліндегі Not in Employment, Education or Training деген тіркестен шыққан. Яғни бұл топқа жұмыс істемейтін, білім алмайтын және кәсіби даярлықтан өтпейтін жастар жатады.

Облыста жүргізілген есепке сәйкес, өңірде 18 мыңнан астам жас NEET санатына кіреді. Бұл жастардың жалпы санының шамамен 6,5 пайызын құрайды. Ал, өткен жылдармен салыстырғанда бұл көрсеткіш біршама төмендегенімен, мәселенің өзектілігі әлі де сақталып отыр.

Гүлден Ерсұлтанқызының айтуынша, жастардың мұндай санатқа өтуіне бірқатар фактор әсер етеді. Ең алдымен, білім мен еңбек нарығы арасындағы алшақтық маңызды рөл атқарады. Жыл сайын оқу орындарын тәмамдайтын түлектердің барлығы бірдей еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды менгеріп шықпайды. Соның салдарынан жас мамандардың бір бөлігі алған мамандығы бойынша жұмыс таба алмай, басқа бағытта еңбек етуге немесе уақытша табыс көзін іздеуге мәжбүр болады.

Сонымен қатар, жастар арасында кәсіби бағдардың әлсіздігі де мәселенің ушығуына ықпал етеді. Кейде жастар мамандықты еңбек нарығындағы сұранысқа қарап емес, кездейсоқ немесе санға айналған бағытта сүйеніп таңдайды. Нәтижесінде алған білімі мен нақты еңбек нарығының қажеттілігі арасында сәйкессіздік пайда болады.

Жастардың NEET санатына өтуінің тағы бір себебі – уақытша немесе тұрақсыз жұмыспен шектелу. Қазіргі кезде кейбір жастар тұрақты қызметтен гөрі қысқа мерзімді табыс әкелетін жұмыс түрлерін таңдауға құмар. Мұндай жұмыс уақытша табыс бергенімен, ұзақ мерзімді кәсіби даму мен тұрақты еңбек тәжірибесін қалыптастыра бермейді.

Тиімді тетіктер

Жастарды еңбек нарығына тарту және жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында өңірде бірқатар мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Бұл жетелі жұмыстар еліміздің 2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы аясында жүйелі түрде іске асы-



рылуға. Негізгі мақсат – халықты жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтіп, еңбекке қабілетті азаматтарды белсенді экономикалық қызметке тарту.

Осы бағытта Қарағанды облысында субсидияланатын жұмыс орындары бағдарламасы арқылы түрлі жобалар іске асырылуда. Солардың бірі – қоғамдық жұмыстар. Қоғамдық жұмыстарды мансап орталықтары ұйымдастырып, оған жұмыссыз азаматтармен қатар бос уақытында еңбек етуге ниетті студенттер мен жоғары сынып оқушылары да қатыса алады. Мұндай жұмыстардың басты мақсаты – азаматтардың еңбекке араласуына мүмкіндік беру. Қатысушыларға төленетін жалақы мөлшері кемінде 24 айлық есептік көрсеткіштен басталады, ал қатысу мерзімі 12 айға дейін жалғасады.

Сонымен қатар, өңірде әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасы да жүзеге асырылуда. Бұл жағдайда жұмыс берушілер мен мансап орталықтары арасында келісімшарт жасалып, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға арналған жаңа жұмыс орындары ашылады. Мұнда жалақының бір бөлігі мемлекет тарапынан субсидияланады. Атап айтқанда, жұмыссыз азаматтар үшін жалақының 35 пайызы мемлекет есебінен төленеді, ал, үкіметтік емес ұйымдарда құрылған әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан мүгедектігі бар адамдар үшін субсидия мөлшері 70 пайызға дейін жетеді.

Жастарды қолдауға бағытталған маңызды бағдарламалардың бірі – Жастар практикасы. Бұл жоба колледждер мен жоғары оқу орындарын аяқтаған түлектерге алғашқы еңбек тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Бағдарламаға соңғы бес жыл ішінде оқуын тәмамдаған, алған мамандығы бойынша еңбек өтілі жок 35 жасқа дейінгі жұмыссыз азаматтар қатыса алады. Жоба аясында қатысушыларға 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жалақы төленеді. Мұндай тәжірибе жас мамандардың еңбек нарығына бейімделіп, кәсіби дағдыларын жетілдіруіне ықпал етеді.

Еңбек мобильді орталығының баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, жастарды кәсіпкерлікке тарту мақсатында «Бастау Бизнес» бағдарламасы да жүзеге асырылып келеді. Бұл жоба өз кәсібін ашуға ниетті азаматтарға кәсіпкерлік негіздерін үйретуге бағытталған. Оқу онлайн форматта өтеді және жүзеге асырылған жоспарлар, маркетинг және бизнес-жоспар әзірлеу бойынша білім алады. Оқуды сәтті аяқтаған азаматтарға электрондық сертификат беріліп, кейін мемлекеттік грант алуға мүмкіндік беріледі.

Мұндай гранттардың көлемі 400 айлық есептік көрсеткішке дейін, яғни шамамен 1,7 миллион теңгеге дейін жетеді. Бұл қаржы кәсіп бастауға қажетті құрал-жабдық сатып алуға, өндірістік шығындарды өтеуге немесе шағын бизнес жобаларын іске

асыруға бағытталады.

Сонымен қатар, азаматтардың жаңа дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік беретін «Skills Enbek» онлайн платформасы жұмыс істейді. Бұл ұлттық білім беру платформасы арқылы кез келген азамат да бағытталған бойынша тегін онлайн курстардан өте алады. Курсты аяқтаған қатысушыларға сертификат беріліп, олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі арта түседі.

Түйін

«Қолыма жұмыс бергенің – жанымға тыныс бергенің» деген аталы сөздің астарында үлкен әлеуметтік ақиқат жатыр. Жас буын үшін тұрақты еңбек – тек табыс көзі емес, бұл олардың қоғамдағы орнын айқындап, ертеңіне сеніммен қарауына мүмкіндік беретін басты рухани және материалдық тірек. Аймақ жастарын нәтижелі жұмыспен қамту – өңірдің әлеуметтік тынысын кеңейтіп, экономикалық тамырына қан жүгірту мен тең екені хақ.

Жұмыссыздықпен күрес – тек жұмыс орынын ашу емес, бәсекеге қабілетті маман даярлау. Мемлекет ұсынған тетіктерді тиімді пайдаланған жас қана бүгінгі құбылмалы нарықта өз орнын таба алады. Өйткені аймақтың экономикалық қуаты дипломының санында емес, маманның сапасында.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Көне бұйым, жаңа кәсіп

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлікті дамыту мен азаматтардың бастамаларын қолдау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты екенін атап өткен болатын. Президент шағын және орта бизнес экономиканың тірегіне айналуы тиіс екенін ұдайы айтады. Кәсіпкер Галина Кривец ескі киім мен тұрмыстық бұйымдарға екінші өмір сыйлайтын ерекше шығармашылық жобаны жүзеге асыруда. Ол апсайклинг бағыты бойынша шеберхана ашып, тек жаңа бұйымдар жасап қана қоймай, балалар мен ересектерге қолөнердің қыр-сырын үйретіп жүр. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл шеберхана шығармашылықпен айналысып, өз қабілетін ашуға мүмкіндік беретін маңызды ортаға айналған.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл бастама кәсіпкердің мүмкіндігі шектеулі баланың анасы ретінде алған 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі қайтарымсыз мемлекеттік гранттың арқасында жүзеге асқан. Сол қолдаудың нәтижесінде Теміртауда әлеуметтік әрі шығармашылық бағыттағы ерекше шеберхана жұмысын бастады.

Галина Кривецтің айтуынша, ол апсайклингпен айналысып жүргенін алғашында өзі де білмеген. Бұрыннан ескі киімдерді қайта өңдеп, тұрмыста қадеге жаратып келген.

– Шынымды айтсам, ұзақ уақыт бойы мұның «апсайклинг» деп аталатынын білмедім. Мен жай ғана ескі заттарды тастамай, оларды жаңаша пайдаланып жүрдім. Жас кезімде үлкен өлшемдегі киімдерді өзіме лайықтап өзгертіп, тарылтып, қайта тігіп алатыным.

Ол кезде арнайы үлгілерді қолданған жоқпын, бәрін тәжірибе арқылы үйрендім, – дейді ол.

Алғашқы бұйымдарын кәсіпкер көбіне интуициясына сүйеніп жасаған. Мысалы, матаны бұрап, әртүрлі пішіндер шығарып, гүл бейнесіндегі сәндік элементтерді ойлап табатын. Уақыт өте келе, бұл әуестік тұрақты шығармашылық бағытқа айналып, бүгінде шеберханада түрлі материалдар пайдаланылады. Макта матасы, табиғи былғары және экобылғары сияқты материалдардан әшекейлер, сәндік бұйымдар, аксессуарлар және интерьерге арналған композициялар жасалады.

– Біз көпшілікке кез келген затты бірден қоқысқа тастауға болмайтынын көрсеткіміз келеді. Егер матаның сапасы жақсы болса, оған екінші өмір сыйлауға болады. Мысалы, аз ғана қиял жеткілікті. Мысалы, бір кезде кестесі бар етігін жыртылып қалды. Оны лақтырып



тастауға қимадым. Кестеленген бөлігін киіп алып, өңдеп, әдемі әшекейге айналдырдым. Осындай мысалдарды сабақтарда жиі көрсетеміз, – дейді шебер.

Шеберханадағы сабақтар барысында қатысушылар тігін машинасымен жұмыс істеуді, қолмен тігу тәсілдерін және бұйым жасаудың негізгі дағдыларын үйренеді.

Мәселен, ескі жемпірлерден ойыншықтар мен жылы аяқкиімдер, ал жеңделерден тұрмыста қолданылатын сәндік бұйымдар жасалады. Сабақтарға балалар да, ересектер де қатысады. Қатысушылардың ең жасы небәрі сегіз жаста.

Жобаның маңызды бағыттарының бірі – мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс. Кәсіпкердің



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

өзі де ерекше баланы тәрбиелеп отырғандықтан, ол шеберханада қолжетімді әрі қолдаушы атмосфера қалыптастыруға ерекше мән береді.

– Мұндай балалар үшін кейде процестен гөрі нәтиже маңызды болады. Өз қолымен жасаған дүниесін көргенде, тіпті жұмыстың аз ғана бөлігіне қатысса да, олар қатты қуанады. Олар үшін «менің қолымнан келді» деген ой өте маңызды. Бұл өзіне деген сенімділікті арттырады, – дейді Галина Кривец.

Кәсіпкер бұл жобаны жүзеге асыруда мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың үлкен рөл атқарғанын айтады. Ол «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша білім алып, бизнес-жоспар әзірлеп, грант қаражатына қажетті тігін жабдықтары мен құралдарын сатып алған. Қазір шеберхана қызметі біртіндеп кеңейіп, жаңа қатысушыларды тартуда.

Жалпы, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен олардың қамқоршылары арасында кәсіпкерлікті дамыту – мемлекеттік қолдаудың басым бағыттарының бірі. Өткен жылы Қарағанды облысында осы санаттағы тұрғындардың жеке жобаларын жүзеге асыру үшін 58 грант бөлінді.

Әдемі әлемнің иесі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта жолдасы екеуі отбасылық кәсіпті дөңгелетіп отыр. Отағасы Айдын – жүк көлігінің жүргізушісі. Үнемі алыс сапарларға шығады. Ал, Ольга – логистика саласының маманы. Тапсырыс қабылдап, барлық құжаттарды заңдастырып, табысын есептеп әрі еселеп отырады.

Екеуі ата-аналарының ақ бастымен еншісін алып, қалаға қоныс аударады. Бірақ, қолдары қалт етсе қаладан қашып, ауылға қарай жол тартады. Ата-аналарының махаббатына бөленіп келеді. Онымен қоса, Ольга келіндік қызметін өтеп келеді.

Ауылға бара салысымен қазан көтеріп, ет асып, бауырсақ, шөлпегін пісіреді. Ата-енесі жақсы көретін тәтті бәліштерін даярлап, дастарқанын толтырады. Ас үйдің шаруасына да пысық Ольга «Енем екінші анама айналды», – дейді.


– Анамнан ерте айырылғандықтан, үлкенің жан жылуын аңсаймын. Енем Назира аз уақыттың ішінде ақылшыма, қамқоршыма, сырласыма айналды. Білмегенімді үйретеді, – дейді келісі Ольга.

Біз жақынан таныған қазақтың ибалы келіні Ольга Худяның ізгілікті ізі жарасымды жалғасып, өнегелі өмірі санімен өрілуде.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Туризмді табыс көзі деп танысақ...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жұрт жиі баратын демалыс орындарынан бөлек, болашағы зор басқа да бағыттардың әлеуетін арттыру маңызды. Міндеттердің ара-жігін ажыратып алған жөн. Жергілікті атқарушы органдар әрдайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға баса мән беріп, осы жұмысқа жауапты болады» деген еді. Осы сөздің мәнін терең түсініп, енді іс жүзінде жүзеге асыра бастағандаймыз.



Коллаж жасаған Шипур Алашбаева



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

нис кездесетін көрінеді. Жоғалып кету қаупі бар сфагнум мүгі де арнайы қоршауға алыныпты. Ал, жалпы, табиғи аңдардың популяциясы соңғы жылдары едәуір өскендігін баса айтты. Мәселен, арқар саны 347-ге, ал, «Қызыл кітаптағы» қара ләйлектің саны 29-ға жетіпті.

– Парк аумағында жабайы доңыздардың саны көбейіп кетті. Бұл – қалыпты табиғи процесс. Бір жылдары саны артып, кейін азаяды. Жабайы жануарлардың мекендейтін аймақтары бар. Ал, кейбір туристер туристік соқпақтан шығып, жануарлармен суретке түсуді қалайды. Бұл – қауіпті. Сондықтан, туристер өз жолдарынан шықпауға тиіс. Жабайы аңдар әдетте бірінші болып шабуыл жасамайды. Керісінше, адамдарға жақындаудан аулақ жереді. Ұлттық табиғи паркке келген туристерге осы қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі, – деді Руслан Мәлікұлы.

Ұлттық табиғи мұражайы реконструкцияланып, заманауи талаптарға сай жаңартылатын болады. Сонымен қатар, жабайы аңдар тұрған алаңының қоршауы да жаңартылып, ішкі аумағы аба-тандырылады. Қазіргі уақытта Ұлттық табиғи паркте төрт туристік соқпақ жұмыс істеп тұр. Сол маршруттар бойынша да аба-тандыру жұмыстары жүргізілімек. Бұған қоса, биыл Ұлттық табиғи парктің үйлестіру кеңесінің шешімімен қосымша екі туристік соқпақ ашу жоспарланып отыр. Ал, бұл жұмыстарды Туризм басқармасының мамандары жүзеге асыруда.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың туризм басқармасының басшысы Ирина Любарскаяның сөзіне сүйенсек, 2025 жылы өңірдің туристік әлеуеті айтарлықтай артқан. Былтыр қаңтар мен қыркүйек айлары аралығында өңірге 370 мың турист келген көрінеді. Ал, ішкі туризм 22,6 пайызға өсіп, 355,9 мың адамға жеткен. Шетелдік туристер саны 14,1 мың адамды құраған.

– Туризмде жалпы құны 3,7 млрд теңгені құрайтын 11 жоба іске асырылды. Балқаш қаласында «Сказка», «Riviera», «Фарида» демалыс аймағы, «Мәулен» қонақ үйі ашылды. Қарқаралы ауданында «Горы», «Амина» және «Қарқаралы» қонақүйі пайдалануға берілді. Ал, Қарағандыда «Меридиан» қонақ үйіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жол бойы сервистік нысаны пайдалануға берілді. Абай ауданында «SERENITY» демалыс аймағының құрылысы аяқталды. Ту-

ризмге негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 23,5 млрд теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 22,6%-ға артты, – деді басқарма басшысы.

Инвестициялық белсенділіктің өсуіне туризм саласына көрсетілетін қаржылық қолдау да ықпал етуде. 2025 жылы туризм саласындағы 33 жобаға жалпы сомасы 5,5 млрд теңге бөлінген. Есепті кезеңде кәсіпкерлер палатасы жанындағы туризм жөніндегі кеңестің 6 отырысы өткізіліп, онда туризм саласын дамыту, кәсіпкерлерді қолдау сынды өзекті бастамалар мен проблемалық мәселе қаралды. 2025 жылы «Қарағанды-Балқаш» автокөлік жолы қайта жаңғыртылып, «Қарағанды-Қарқаралы» бағытында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар, жол бойындағы сервистік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізілуде.

– Биыл 2030 жылға дейінгі туризмді дамытудың жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Сонымен қатар, өңірде туризмді дамытудың

2026-2028 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру межесі тұр. Одан бөлек, облыстың орта мерзімді инвестициялық стратегиясы шеңберінде Қарқаралы ауданы мен Балқаш қаласында туризмді дамытуға арналған арнайы аймақтарды құруды бастаймыз. Оған инженерлік және көлік инфрақұрылымын жеткізу, жол бойындағы сервисті дамыту, туристік аймақтарды абаттандыру, жағажайларды жайластыру және оларды стандарттарға сәйкестендіру жоспарлануда. Сондай-ақ, туристік инфрақұрылымның бірыңғай стилін қалыптастыру үшін дизайн-кодтар әзірленеді, – деді Ирина Любарская.

Биыл Қарағанды өңірінде экологиялық және этнотуризмді дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Өңірдің табиғи байлығы мен тарихи-мәдени мұрасын тиімді пайдалану арқылы туристік әлеуетті арттыру көзделген. Осы мақсатта Қарқаралы ұлттық табиғи парк аумағында қысқа және ұзақ мерзімге жалға берілетін ар-

найы учаскелер белгіленген. Ұзақ мерзімге берілген жерлерде капиталды құрылыс салуға болады. Яғни, қонақүйлер мен демалыс үйлеріне рұқсат деген сөз. Ал, қысқа мерзімге берілген жерлерде құрылыс жүргізуге тыйым салынған. Тек уақытша орналастыру объектілеріне ғана рұқсат. Қазіргі таңда жалпы 20 учаске жалға беріліпті-мыс. Алдағы уақытта Ұлттық парктің инфрақұрылымын дамыту мақсатында тағы төрт учаске – ұзақ мерзімге, 16 учаске – қысқа мерзімге берілімек. Сонымен қатар, осы бағытта Атамекен кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, инвесторларды тарту жұмыстары да жүргізілуде.

– Былтырға қарағанда биыл туристердің саны 10 мыңға арты. Экотуризм саласында қызмет ететіндімізге байланысты бізге де туристерден белгілі бір қаржы түседі. Сол түсімнің есебінен биыл бақылау бекеттерін автоматтандыру жүйесін енгізуге отырмыз. Яғни, автобандардағы төлем жүйесі секілді. Қазіргі

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Өңірдің өрісті қадамы

Облыста көлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қарқын алууда. Биыл өңірде республикалық және облыстық маңызы бар автожолдар, қалалық көшелер мен көпірлердің жалпы ұзындығы шамамен 500 шақырымды жаңартылмақ. Ауқымды жобалар жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға, өңірдің көлік байланысын жақсартуға және облыстың логистикалық әлеуетін күшейтуге бағытталған.

Салтанат ІЛПИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Инфрақұрылымды дамыту – аймақ экономикасының тұрақты өсуіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Жолдардың сапасы жақсарған сайын өңірлер арасындағы байланыс нығайып, жүк және жолаушылар тасымалының тиімділігі артады. Сондықтан, облыста жол желісін жаңарту мен көлік қатынасын жетілдіру мәселесіне ерекше назар аударылып отыр.

Биыл іске асырылатын ең ірі жобалардың бірі – «Қарағанды-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту. Ұзындығы 122 шақырым болатын бұл жол – еліміздің орталық өңірлері үшін стратегиялық маңызға ие. Ол Қарағанды облысын Ұлытау өңірімен байланыстырып, өңірлер арасындағы экономикалық және әлеуметтік байланыстарды күшейтеді. Аталған автожол 1970 жылдары салынған және жарты ғасырдан астам уақыт бойы күрделі жөндеуден өтпеген.

Жоба аясында жолды төрт жолаққа дейін кеңейту жоспарланған. Құрылыс жұмыстары жаңа тәсілмен жүргізіледі: алдымен екі қосымша жолақ салынып, кейін қолданыстағы жол төсеміне жөндеу жасалады. Бұл тәсіл көлік қозғалысын тоқтатпай, айналма жолдар ұйымдастырмай жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде жүргізушілер мен жолаушылар үшін қолайсыздықтар барынша азаяды.

Автожолды қайта жаңғырту жобасын қаржыландыру Халықаралық қайта құру және даму банкі мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі қарыздары есебінен мақұлданды. Қазіргі уақытта мердігер ұйымды анықтау бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Жоба биыл басталып, 2029 жылға дейін толық аяқталады деп жоспарланып отыр.

Өңірде тек республикалық жолдар ғана емес, облыстық маңызы бар автожолдар да кезең-кезеңімен жөндеуде. Биыл облыстық жолдардың 84 шақырымына орташа



жөндеу жүргізу көзделген. Атап айтқанда, «Қарқаралы-Егіндібұлақ-Бүркітті» автожолында жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл бағыт аудан тұрғындары үшін маңызды көлік дәлізі болып саналады.

Теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары да жалғасуда. Бұл бағыттағы жобалар «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының бағдарламасы аясында іске асырылып жатыр. Жалпы өңірде 14 нысан – 10 вокзал мен 4 жолаушылар платформасын жаңарту көзделген.

Жоба аясында вокзал ғимараттары күрделі жөндеуден өткізіліп, инженерлік желілер жаңартылады, күту залдары мен перрондар заманауи талаптарға сәйкестендіріледі. Сонымен қатар, жолаушылардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еркін қозғалуына қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінуде. Қауіпсіздік жүйелері жаңартылып, навигациялық белгілер орнатылады.

Өткен жылдың соңында Айсә, Теміртау, Сарышаған және Қарағанды-Сұрыптау станцияларындағы жолаушылар платформаларын жөндеу жұмыстары аяқталды. Биыл бұл нысандарда шатырлар мен аялдама павильондары орнатылады.

Балқаш-2, Мойынты, Ақдыр, Доржия, Жарық, Жаңа Қарағанды, Қарағанды-Сұрыптау, Мырза, Нұра және Сарыбел вокзалдарының ғимараттарын жаңарту

жұмыстары жалғасуда. Бұл жобаларды ағымдағы жылы аяқтау жоспарланған.

Өңірдегі тағы бір маңызды инфрақұрылымдық бастама азаматтық авиацияны дамытуға бағытталған. Балқаш қаласының әуежайы қайта жаңғыртудан өтіп, аэродром инфрақұрылымы толық жаңартылды. Жабдықтар модернизацияланып, әуежайдың техникалық мүмкіндігі артты.

Жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін әуежайдың өткізу қабілеті кеңейіп, жаңа әуе бағыттарын ашуға мүмкіндік пайда болды. 1 маусымнан бастап, Астана және Алматы қалаларына субсидияланатын әуе рейстерін іске қосу жоспарланып отыр. Бұл өңір тұрғындарының әуе қатынасын қолжетімді етіп қана қоймай, Балқаш көлінің жағалауында туризмнің дамуына да серпін береді.

Жалпы алғанда, көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша қолға алынған жобалар Қарағанды облысының экономикалық әлеуетін арттыруға, өңірлер арасындағы байланысты нығайтуға және тұрғындар үшін қауіпсіз әрі қолайлы көлік қатынасын қамтамасыз етуге бағытталған. Ауқымды жұмыстар алдағы жылдары да жалғасын табады.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

«Самал» қайта түлейді

Теміртау қаласында орналасқан «Самал» санаторий-профилакторийі қайта жаңғыртудан өтеді. Qatmet компаниясы нысанды қалпына келтіру жұмыстарын бастап, оны заманауи талаптарға сай жаңартуды көздейді. Жоба компания қызметкерлері мен қонақтарының демалып, денсаулығын нығайтуға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Самарқанд су қоймасының жағасында орналасқан «Самал» санаторийі 1980 жылы пайдалануға берілген. Көп жылдар бойы бұл мекеме Теміртау металлургиялық зауытының бірі болып келді. Мұнда демалушыларға медициналық процедуралар ұсынылып, тынығуға және денсаулықты қалпына келтіруге мүмкіндік жасалған.

Алайда, ғимараттың ұзақ уақыт пайдаланылуы салдарынан инфрақұрылымның тозуы байқалып, 2025 жылы нысан жұмысы тоқтатылды. Арнайы комиссиялардың қорытындысына сәйкес, ғимараттың техникалық жағдайы ем алушылар үшін қауіпсіз емес деп танылып, шұғыл күрделі жөндеу жүргізу қажеттілігі анықталған.

Qatmet компаниясы бұл нысанды жаңғырту туралы шешім қабылдап, қазіргі уақытта қалпына келтіру жұмыстары басталған. Компанияның күрделі құрылыс жөніндегі директоры Алексей Сидоренконың айтуынша, жөндеу жұмыстары бірнеше кезеңде жүргізіледі.

– Қазіргі уақытта нысанда ғимараттың жоғарғы қабаттарын қалпына келтіру жұмыстары басталды. Алдағы уақытта ішкі әрлеуді толық жаңарту, қасбеттерді қалпына келтіру және ғимаратты заманауи талаптарға сәйкес қайта жабдықтау жоспарланып отыр. Барлық жұмыстар нысанды қауіпсіз әрі қолайлы етуге бағытталған, – деді Алексей Сидоренко.

Жоба аясында инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға ерекше назар аударылады. Электр желілері, жылу жүйесі, сумен жабдықтау және сантехникалық жүйелер толықтай жаңартылмақ. Сонымен қатар, ғимараттың техникалық қауіпсіздігін арттыру үшін жаңа жабдықтар орнатылып, ішкі коммуникациялар заманауи стандарттарға сәйкес келтіріледі.

Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін санаторий-профилакторий толыққанды жұмысын қайта бастайды. Жаңғыртудан өткен «Самал» заманауи келбетке ие болып, демалушыларға жайлы жағдай ұсынатын сауықтыру орталығына айналмақ. Мұнда қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері ғана емес, өңір тұрғындары да демалып, емдік процедуралардан өте алады.

Компания өкілдерінің айтуынша, бұл жоба – кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Qatmet өндіріс саласымен қатар, еңбек ұжымының денсаулығы мен әл-ауқатына да көңіл бөліп келеді.

«Самал» санаторийінің қайта жаңғыруы Теміртау қаласының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға да өң әсерін тигізбек. Болашақта бұл нысан өңірдегі сұранысқа ие демалыс және сауықтыру орталықтарының біріне айналады деп күтілуде.

Өз тілшімізден



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Ауылда туып, аймақ ғылымын көкке көтерген

Биыл Қарағанды облысы танымал тұлғаларының айтулы даталар күнтізбесінде атап көрсетілгеніндей, көрнекті ғалым-металлург, отандық металлургия және химия ғылымы мен өндірісін дамытуға өлшеусіз үлес қосқан абзал азамат Жантөре Нұрланұлы Әбішевтің туғанына 90 жыл толады. Ол ауылда туып, аймақ ғылымын көкке көтерген даңқты жерлесіміз болып табылады.



Жантөре Әбішев 1936 жылы 18 наурызда Қарағанды облысының бұрынғы Тельман ауданына қарасты 13-поселкеде (кейін Қарағанды совхоз-институты) қызметші отбасында туған. 1952 жылы Қарағандыдағы №20 орта мектепті үздік бітіріп, небары 16 жасында Алматыдағы Қазақ кен-металлургия институтының металлургия факультетіне оқуға түседі де, оны 1957 жылы аяқтағаннан кейін Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтына (КНИУИ) жіберіледі. Осында байыту бөлімінде ғылыми қызметін бастайды. 1959 жылы аталмыш құрылым Қазақ КСР Ғылым академиясының Қарағандыда жаңадан құрылған Химия-металлургия институты құрамына берілгені мәлім. Бұл ғылым ордасында ол 1992 жылға дейін қызмет етіп, кіші ғылыми қызметкерден осы институттың директорына және ҚазКСР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик-хатшысына дейінгі жолдан өтті.

Ж.Әбішевтің ғылыми қызметі Орталық Қазақстанда академиялық ғылымның аяқтанып, дамуымен тығыз байланысты болды және ҚазКСР ҒА ірі ғалым-академиктері В.Пономарев пен Е.Бөкетовтің, корреспондент мүшесі В.Ревнивцевтің тікелей қатысуымен қалыптасты. Жантөре Нұрланұлының ғылыми жұмыстарының негізгі бағыты Орталық Қазақстанның минералды және техногенді шикізатын аралас химия-металлургиялық өңдеуді теориялық жағынан іздестіру және технологиялық негізін жасау, сондай-ақ кен-металлургия өндірісінің жабық аз шығанды материалдық циклын құру болды.

Көрнекті ғалымның тікелей қатысуымен аса ірі, бірақ төменгі сортты Лисаков темір кен орнының шикізатын кешенді пайдалану технологиясының теориялық негіздері жасалды, соның нәтижесінде әлемдік тәжірибеде тұңғыш рет келдей фосфорлы темір кені өндіріске енгізілді, бұл кен орны осы күнге дейін Қазақстан қара металлургиясының негізгі шикізат қоры болып отыр. Қарағанды металлургия комбинатына өндіріске енгізіліп, жүзеге асырылған ғылыми-технологиялық кешен кезінде КСРО-ның ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Фосфорлы темір кенін өңдеу жөніндегі жаңа технологияны игерудің бірлескен зерттеулер нәтижесі, сондай-ақ, Үндістандағы ұқсас шикізатты өңдеуге негіз болып, сол елде металлургия комбинаты бой көтерді. Бірлескен зерттеулердің нәтижесі кеңес-үнді басшылығында қорытылып, әлемнің осыған ұқсас шикізаты бар өңірлеріне ұсынылды. Осы бағыт бойынша Ж.Әбішев 1966 жылы «Домна шлактарынан ванадий алу» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Онда оолитті қоңыр темір кенін кешенді өңдеудің маңыздылығы атап көрсетілді, мұның өзі қара металлургияның ғана емес, алюминий өнеркәсібі мен ванадий өндірісінің шикізат базасын кеңейтуді қамтамасыз ететін болды.

Полиметалдық сульфид шикізатын магниттік байытудың теориялық негіздері мен технологиясы Ж.Әбішевтің 1982 жылы қорғалған докторлық диссертациясында қаралып, «Термомагнитное обогащение пиритсодержащего сырья» (1986 ж.) деген монографиясында қорытылды. Осы технология бойынша жасалған ұсыныстар 20 шетелдік патентпен қорғалды.

Жантөре Әбішевтің бір топ институт қызметкерлерімен бірге толықтан мыс минералдарын автоклавты өңдеу арқылы дәстүрлі флотация әдісімен практика жүзінде байытылмайтын кендерді байыту мүмкіндіктерін көрсетті, бұл зерттеулердің нәтижесі «Комплексное использование оксидного сырья

тяжелых цветных металлов» монографиясында (1989 ж.) жарияланды. Тағы бір еңбегінде («Щелочное обескремнивание сырья» (1987 ж.) ол сульфид концентратын автоклавта кремнийден арылту технологиясын қорытты.

Минералдық шикізатты химиялық жолмен байытуға арналған зерттеулерінің негізгі қағидаларын Ж.Әбішев Бухарестте (1977 ж.), Мәскеуде (1980 ж.), Токиода (1987, 1990 ж.), Прагада (1987 ж.), Стокгольмде (1988 ж.), Санкт-Петербургде (1989-1991 жж.), Сеулде (1991 ж.), Сан-Францискода (1995 ж.) халықаралық конгресс, симпозиум, конференциялар мен кеңестерде баяндады.

Қарағандылықтар Жантөре Нұрланұлының өзінің 33 жылдық ғұмырын Химия-металлургия институтына арнаған ұйымдастырушы-ғалым ретінде жақсы біледі, соның 20 жылында ол аталмыш институтты басқарып, Орталық Қазақстанда академиялық ғылымның қалыптасуына зор үлес қосты. Сол кездегі Одақтық Ғылым академиясы ғылыми кеңестерінің шешімімен Химия-металлургия институты бейорганикалық химия, пайдалы қазбаларды байытудың физикалық-химиялық проблемалары және жануаңды энергетикалық проблемалары секциясы бойынша халықоғандар мен халықогенидтер химиясы мен технологиясы жөнінде Бүкілодақтық кеңестер өткізетін тұрақты орын, жануаңды электрофизикасы бойынша Одақтық семинар, «Пайдалы қазбаларды байыту схемаларында химиялық-металлургиялық әдістерді қолдану» Одақтық үйлестіру кеңесі, сондай-ақ «Лисаков кен орнын кешенді пайдалану» жөніндегі аймақтық ғылыми-техникалық конференция өткізетін орын болып белгіленді.

1986 жылдың қорытындысы бойынша институт республикалық жарыста үздік шығып, сол кездегі мәртебелі марапат – республикалық ауыспалы Қызыл туға ие болды.

Индустриялық жағынан жақсы дамыған Орталық Қазақстанда қуатты өндірісті және ғылыми-техникалық әлеуеттің болуы 1983 жылдың қазан айында Химия-металлургия институтының базасында ҚазКСР ҒА Қарағанды бөлімшесін құрудың алғышарты болды. Бөлімше төрағасының орынбасары болып Ж.Әбішев сайланды. Көп ұзамай, 1984 жылы құрылымы кеңейтіліп, ол ҚазКСР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесі атанды, бөлімшенің академик-хатшысы болып Ж.Әбішев бекітілді, ол сондай-ақ ҚазКСР ҒА президиумының мүшесі болып сайланды.

Бөлімше жанынан Жантөре Нұрланұлы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес және ғылым салалары бойынша жеті секция құрды, олар: геология және тау-кен ісі; түсті және қара металлургия; химия; автоматты басқару жүйесі, аспап жасау және есептеу техникасы; агроөнеркәсіп кешені; қоғамдық ғылымдар; биология және медицина. Атап өту керек, аталмыш құрылымдар кезінде өңірде ғылымның, техника мен өндірістің тығыз кірігуін қамтамасыз етуге молынан үлес қосты.

1992 жылдың шілде айынан Ж.Әбішевтің ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінде жаңа кезең

басталады, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңадан құрылған Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің ғылыми-ұйымдастыру басқармасының бастығы қызметіне тағайындалады. Басқармаға елімізде ғылым мен техника саласында мемлекеттік саясат жүргізу міндеттері жүктелген болатын. Президенттің «Республиканың ғылымның ұйымдастыруды жетілдіру мен ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1993 ж. 21 қаңтардағы Жарлығына сәйкес Қазақстанның технологиялық серпілісін қамтамасыз ету мақсатында Ж.Әбішевтің қатысуымен елімізде ғылыми орталықтар торабы құрыла бастайды.

1993 жылы өзі сондай ірі құрылымның бірі – Минералдық шикізатты кешенді өңдеу Ұлттық орталығының бас директоры болып бекітіледі. Орталық тау-кен ісі, пайдалы қазбаларды байыту және металлургияны басым дамыту жөніндегі республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша басты мекеме еді. Бұл қызметте де жерлесіміз өзін бар қырынан танытып, халқына адал қызмет ете білді. Алайда, ол 1999 жылы ауыр наукастан қайтыс болып, ғылым саласында іске асырмақ талай жобалары аяқталмай қалды. Бірақ Қарағандыда жүргенде ХМИ-лік әріптестері Ә.Жәрменов, А.Терлікбаева, С.Байсанов, М.Толымбеков, С.Дүйсембаева және Б.Хасенмен бірге қолға алған ферросиликоалюминий және күкірт қышқылының таза сортын алу жөніндегі әлемдік деңгейге сәйкес жұмысы жемісін беріп, 2001 жылы (қайтыс болғаннан кейін) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығымен аталып өтті.

1985-1991 жылдар арасында Жантөре Әбішев одақтық академияның Физика-химия және органикалық материалдар технологиясы бөлімшесінің ғылыми қызметін үйлестіру жөніндегі кеңесінің мүшесі, академияның Геология-геофизика және геохимия бөлімшесінің пайдалы қазбаларды байытудың физикалық-химиялық проблемалары бойынша ғылыми кеңесінің бюро мүшесі болып, одақтық ғылымды өрістетуі де ерен үлес қосты. Республикамызда да көптеген ғылым кеңестердің жұмысынан бас тартқан жоқ. Мәселен, 1993 жылдан ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі сарапшылар кеңесінің мүшесі, Минералдық шикізатты кешенді өңдеу жөніндегі ұлттық орталықтың «пайдалы қазбаларды байыту» және «қара металлургия» мамандықтары бойынша докторлық диссертациялар қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңесінің төрағасы, 1994 жылдан Пайдалы қазбаларды байыту жөніндегі халықаралық конгрестің ғылыми комитетінің (Лулес к., Швеция) мүшесі болды. Сондай-ақ бірнеше дүркін «ҚазКСР ҒА жарысы» (1986-1989 жж.), «ҚазКСР ҒА хабаршысы» (1986-1993), «Минералдық шикізатты кешенді ұқсату» (1991 жылдан) ғылыми журналдарының редакциялық алқа мүшесі міндеттерін атқарды.

Жантөре Нұрланұлы ғылыми жұмыстармен қатар қоғам өміріне белсену араласып, ғылыми-педагогикалық қызмет те атқарды. Қарағанды облысы ректорлары кеңесі құрамында болды, оған 80-жылдардың

ортасында бірнеше жыл жетекшілік етті де. Сол 80-жылдары Ж.Әбішев Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің бюро мүшесі ретінде ғылым саласын дамытуға жауапты болды. 1984 жылы ол ХМИ жанынан ҚарМУ-дің бейорганикалық химия кафедрасының филиалын құрып, студенттердің ғылыми жұмыстармен айналысуына мүмкіндік жасады. Өзі бес жыл бойы «Минералдық шикізатты химиялық қайта өңдеу» пәні бойынша лекциялар оқып, студенттердің курстық және дипломдық жұмыстарына жетекшілік етті. 1987 жылы оған «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы бойынша профессор атағы берілді.

Жантөре Нұрланұлының ғылыми және қоғамдық жұмысы жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Ғылым академиясы тарапынан Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталды, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» құрметті атағына ие болды. Оның Химия-металлургия институтының дамуына қосқан баға жетпес еңбегі және ғылыми ортада мәртебесін көтергені үшін 2000 жылғы 20 қазандағы Үкімет қаулысымен аталған институтқа академик Ж.Әбішевтің есімі берілді.

Қарағанды қаласы әкімі мен қалалық мәслихаттың 2016 жылғы 26 ақпандағы 08/01 және № 447 бірлескен қаулысымен облыс орталығындағы жаңа көшенің бірі Жантөре Әбішевтің атымен аталатын болды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша ғалым КСРО-ның 76, шетелдің 29 авторлық куәліктер иегері, 300-ден астам ғылыми еңбек, соның ішінде 8 монография (жеке және авторлармен бірге) жариялады. Оның ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық және 10 кандидаттық диссертация қорғалды.

Қазақстан ғалымдары Жантөре Әбішевтің Орталық Қазақстанның металлургия және химия ғылымына қосқан үлесін жоғары бағалап, 1983 жылы ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесі етіп сайлады, 2003 жылы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы жалпы жиналысының шешімімен Ж.Әбішевке академияның толық мүшесі атағы берілді.

ҚР Минералдық шикізатты кешенді өңдеу Ұлттық орталығының басшылығы мен қызметкерлері дәстүрлерді берік ұстап, Орталықтың негізін қалаушы және алғашқы басшысы болған академик Әбішевтің ісін лайықты жалғастырады.

Жантөре Нұрланұлы беделді ғалым, талантты зерттеуші, отандық ғылым жетістіктерін жалықпай насихаттаушы бола білді. Ол сондай-ақ әріптестерімен, шәкірттерімен, ағайын-туыстарымен қарым-қатынаста қарапайым, ата-анасына қамқоршы, жан-жақты, білімді, мәдениетті азамат болды. Адал жары Раиса Уәлиқызымен бірге ұл-қыздарына, немерелеріне сапалы білім, саналы тәрбие берді. Қызы Сауле Ленинград университетін бітірген, психолог, ұлы Жандос Мәскеудің болат және қорыта институтын аяқтаған, инженер-металлург, техника ғылымдарының кандидаты, әке ісін жалғастырушы.

Жантөре немерелері де 2010-2020 жылдары шетелдің беделді оқу орындарын тәмамдап, бүгінде еңбекке араласқан: Сейдана – экономист, Сеул университетін, Амангелді – дипломат және қаржыгер, Пекін дипломатия университетін, Алтынай – қаржыгер және психолог, Лиде университетін бітірген. Олар алған білімдері мен тәлім-тәрбиені қоғамға адал қызмет ету ісіне арнап, ата есімін ардақтап өсіп келе жатқан және болашағынан зор үміт күтер ұрпақ өкілдері.

Сайлау БАЙСАНОВ, Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының директоры, техника ғылымдарының докторы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Айдархан МҮХТАР, ХМИ-дің зертхана меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Аман ЖАНҒОЖИН, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Парасат» орденінің иегері

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Талант – Тәңір тартуы

Отставкадағы подполковник Әлия Сүлейменова колонермен айналысып жүр. Оның адамның көңіл күйіне негізделген кішкентай қуыршақтары бүгінде Теміртау тұрғындарының көзайымына айналып отыр. Тіпті, алғашқы жеке көрмесі қалалық өлкетану мұражайында ашылды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлия Сүлейменова тергеуші, адвокат та болған. Ол – ITF таэквондодан үш дүркін әлем чемпионы, Азия және Еуропа чемпионы, Әлем кубогының абсолютті иегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері әрі жаттықтырушы.

Колонер шебері алғашқы кейіпкерлерін шамамен он жыл бұрын жасай бастаған. Ол кезде капроннан жасалған ертегідегі орман кейіпкерлері мен үй перілері болатын. Кейін ол токыма қуыршақтарын, сондай-ақ, фоамираннан, камырдан және пластилиннен кейіпкерлер жасаған. Қуыршақ жасауды шебер бес жылдан кейін қайта қолға алған.

– Интернеттен қуыршақ жасаушылардың полимерлі саздың түрлерін және фарфорды қолданатынын көрдім. Қызығып, өзім де байқап көруге шешім қабылдадым. Тағы да жасап, қателесіп жүрмен арқылы осы материалдармен жұмыс істей бастадым. Соңында полимерлі сазға тоқтадым, – деді Әлия Сүлейменова.

Оның жұмыстарының ерекшелігі – шебер дайын молдтарды, яғни, материалға қажетті пішінді, арнайы қалыптарды қолданбайды.

– Мен молдтарды ұнатпаймын. Өйткені, әр қуыршақ, әр кейіпкер өз эмоциясымен, өз көңіл күйімен дүниеге келеді. Олардың ішінде менің де көңіл күйім бар. Ал, дайын қалыптар – біреудің еңбегі, өзгенің идеясы. Қуыршақ бейнесі көбіне өмірден алынады. Оның үстіне, кейде алдымен кейіпкер емес, бір деталь пайда болады. Мысалы, көзілдірік, қолшатыр, тәж, қалпақ не-

месе тіпті, көдімігі түйме, – деді шебер.

Қуыршақ жасау жұмысы берік сымнан жасалған қақпадан басталады. Көптеген кейіпкерлерде ол басы, қолы мен аяғы қозғала алатындай етіп жасалған. Содан кейін шебер денесін, бетін және аяқ-қолдарын мүсіндейді. Содан соң киімін түсінеді.

Шебердің айтуынша, ол қуыршақ жасауды бастаса, міндетті түрде соңына дейін жеткізеді. Бір кейіпкерді жасауға бір күнде бір аптаға дейін, кейде одан да көп уақыт кетуі мүмкін екен.

Әлия Сүлейменованың жұмыстары Қазақстанда ғана емес, шетелде де жоғары бағаланды. Туындылары Испаниядағы халықаралық көрмеге қатысып, бас жүлде алған.

2024 және 2025 жылдары Ұлыбританияда өткен GOLDEN TIME TALENT халықаралық таланттар байқауында да үздік атанған. Есімі «Әлемдегі 100 талант» атты британдық каталогқа енгізілді.

Оның қуыршақтары American Edition, АҚШ-та өткен Teravarna, Испаниядағы Dalí's Mustache және SEA SUN FESTIVAL халықаралық байқауларына, сондай-ақ, қазақстандық Fiestalonia Kazakhstan және Asia Art конкурстарына қатысқан. Барлық жерде шебердің жұмыстары қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, құрмет дипломдарымен марапатталған.

Әлия Сүлейменованың қуыршақтарын 13 наурыз бен 13 сәуір аралығында Теміртау қаласының өлкетану мұражайынан тамашалауға болады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

«ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ» ЖОЛ АШТЫ

Республикалық «Жарық жұлдыз» балалар журналының ұйымдастыруымен өткен X өнер байқауында Қарқаралы ауданына қарасты Қарағайлы мәдени-сауық орталығының үйірмелеріне қатысушылар жоғары нәтижелерге қол жеткізді!

Еркем БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың қорытындысы бойынша, вокал жанрында Бакты ауылының өкілі Жанайым Тұрсын Гран-при жүлдесін иеленіп, Түркияда өтетін халықаралық жарысқа жолдама алды. Томар ауылының жас өнерпазы Жәңгір Амангелді I орыннан көрінсе, Қарағайлы кентінің қыздары Кәусар Амангелді мен Нұрбибі Тәңірберген III орынға табын тіреді. Олардың жетекшісі Ерасыл Қонысұлы Сәменов.

Хореография жанры бойынша Қарағайлы кентінің «Бал-дәурен» бишілер тобы II орынды ойып алды. Top жетекшісі – Әсел Түсіпова.

Жеке орындауда Сарыоба-

лы ауылынан келген Шұғыла Сағынтай өзінің жанкүйерлерін II орын иеленуімен қуантты. Оны байқауға әзірлеген Нұрғұл Төкенбаева.

Көркемсөз оқуда Татан ауылының баласы Шахислам Мейрамның алдына ешкім түскен жоқ. Гран-при иесін Қуаныш Мейрашев үкілеп әкелген екен. I орын алған томарлық Аруай Мәмбетханды Кәмила Қыстаубаева баптаған көрінеді.

Өңгіме болып отырған табыс Қарағайлы мәдени-сауық орталығының үйірмелеріне қатысушы жас өнерпаздардың табындылықпен, тынымсыз еңбекпен, шығармашылық ізденіспен келген алғашқы табысы. Оларға жол ашқан «Жарық жұлдыз» журналы ұйымдастырған байқау.

• МӘСЕЛЕ

Біздікі дархандық па, дарақылық па?

«Ortalyq Qazaqstan» газеті қазақ тойының бүгінгі мүшкіл ахуалы турасында талай үн қатқан. Бүгін де сол тақырыпқа қайырылуға тура келіп тұр. Өйткені, «Той десе, қу басы домалатын», әр сенбі мен жексенбіде тойханаға асығатын жұртпыз. Шашуымыз бен шапан-қамзолымызды, орамалымызды сайлап отырамыз. Осы күнімізден айырмасын, әрине. Қазақ қоғамының бүгінгі жағдайын сол дүбірлеген тойларға қарап бағамдауға болатындай. Анығырақ айтқанда, «Тоймен бірге жасап келе жатқан салт-дәстүріміз тұғырында ма?», «Түпкі мәнінен суыған жоқ па?», «Тіліміз мәйегінен ажырамады ма?», «Кімді қадірлеп, нені төбемізге тұтып жүрміз?», «Қандай құндылықтар төрге шықты?» деген сауалдарға жауап таба аламыз. Жалпы, тойымыз той ма, әлде тобырлық сана салтанат құратын даңғазы ма?

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тойдағы бейберекет

Бірде дастарқан басында мынадай бір әңгімені естідім. Пәленше деген мырзаның тұнғыш ұлы үйленіп, аста-төк той жасапты. Той тізгінін қыруар қаламақыға «есімі елге дүркіреп тұрған» шоуменге беріпті. Астанадан алдыртыпты. Баяндаушы ақсақал әлгі шоумен той басталысымен 200-ден астам адамның қос қолын көтертіп, бір-біріне массаж жасатқанын айтты.

— Қадірлеп, төбемізге тұтып отырған жасы үлкен құдағиымының иығын сипалау деген не маскара? Өз-өзімізден қысылып, жан-жағымызға қарайлап, жер шүкітіндей болып отыр едік, әлгі тентек жанымызға келіп алып: «Сіздер тойға өздеріңізді сүйреп келгенсіздер ме? Көңілдірек отырыңыздар. Әлде кемпіріңіз қызғанады деп қорқып отырсыз ба?», — деді. Қаным басыма шапты. Амансыздан ала көздеп, жекіп жібердім. Той жасап жатқан ұлымды шақырып алып, «Балам-ау, мынасы несі?», — деп едім, балам «Әке, бәрі дұрыс», — деді де кете барды, — деді ақсақал күйіп-пісіп.

Сондай бір үйлену тойына қонақ болып барып, екі айдан кейін әйелімен ажырасып кеткен ер-азаматты да кездестірдік. Болған оқиғаны ашып айтып берді. Бірақ, аты-жөнін жазбауды өтінді.

— Ортаға 5 еркек, 5 әйелді шығарып, билететін ойын бар еді ғой. Шоумен «Шықпаймын» деп отырған әйеліме намысқа тиетін сөздер айтып, қолынан сүйреп алып шықты. Мен әдеп сақтап, үндемей отырдым. Өйткені, той иелерін сыйаладым. Өзіміздің де отау құрғанымызға екі жылдан енді асқан еді. Бір балаңыз бар. Ойынның шарты бойынша, әйелім басқа еркекпен билеуі керек.

Мұндай сәтте есі дұрыс еркек өз әйелін қызғанады. Менде де қызғаныш оты лап етті. Оның үстіне эротикалық бидің әуені қосылды. Әйелім тартынды. Бірақ шоумен: «Сіз – өте тартымдысыз. Мына мүсініңізбен билемеу күнә болады», — деген сөзімен ішімдегі отқа май құйғандай болды. Мен ашуымды тежей алмай, орнымнан атып тұрып, әлгінің жағасына жармастым. Әйелімді үстелге елдің көзінше қолынан күштеп сүйреп жайғастырдым. Сол әрекетімнен шу шықты. Тойдың шыркы бұзылды. Сол тойдан басталған кикілжің уақыт өткен сайын асқына берді. Ақыры ажырасып тындық, — деді баяндаушы.

Қызының ұзатуында қуаныштан шалқып тұрған анаға: «Қызыңыздан құтылдым-ау деп қуанып тұрсыз ғой. Қызыңыздың мінезі шатақтау ма еді?» деген асабасым бар екен мына Қарағандыда. Сорақысы — дәл осыны елді құлдіртуге арналған «шаблон» әзіл ретінде қолданып отырған жетерлік. «Арқаның ашық екен. Арқалық қаласынан-сыз ба?», «Әйеліңіздің мінезі қиындау ма? Басыңыз жылтыр екен», «Үйіңіздегі пердеден көйлек тігіп алғансыз ба?», көп балалы анаға «Бойыңыз шегедей болып мұнша баланы қалай тапқансыз?», «Үйде электр жарығы жиі өше ме?» деген секілді сүйкімсіз, орынсыз «шаблон» қалжыңдар өріп жүр тойларда.

Бір тойда «Алқалаған әлеумет, шалқалаған шәлеумет», «Қан-жығалы Қабанбай, бөңжігелі Бөгенбай» деген тіркестерді де естіп жүрміз. Тойды тізгіндеген адам бұл сөздердің дұрыс нұсқасын біле тұрып, әдейі бұрмалады ма, әлде шынымен де білмей, ыңғайымен айта салды ма, белгісіз. Қалай десек те, мұндайды ақтауға болмайтыны анық.

Бұлар біздің құлағымызға жеткендері ғана. Тізе берсеңіз, бұн-



дай сорақы қалжыңдар мен бей-әдеп сөздердің, ұяттан бездіретін ойындардың көші ұзын. Тойдың шыршайын келтіргеннің орнына, шырқын бұзатын шоумендердің қатары қалың. Өкініштісі — оларға сұраныс өте жоғары. Өз тойында мәртебесінің, абыройының еселенгенін емес, жұрттың алдында мазақ болуды, сол мазаққа көнуді, қонағымен бірге күлуді жөн санайтын той иелерінің, яғни тұтынушының да тарапынан кінәрат бар екенін мойындауымыз керек.

Елу жылдан астам уақыт асаба болған, еліне елеулі, халқына қалаулы болған, бүгінде жас асабаларға жөн нұсқайтын ақсақалға айналған Ақан Шыңғысұлының осыған қатысты пікірін білген едік.

— Тойға шамалы күндер қалғанда той иелерінің шаңырағына барып әулетімен танысамын. Бұл — сол әулеттегі елге еңбегі сіңген сыйлы, қадірлі адамдар болса, тойда солардың мәртебесін көтеру үшін керек. Әке мен шешенің абыройын аспандатамын. Үйленіп жатқан жігіттің, босағаны аттаған келіннің шыққан тегін айтамын. Келіннің шыққан тегін мақтау арқылы құдалардың да мәртебесін өсіресің. Олардың енесі тік болғаны керек. Өйткені, қазақ әулеттің тегіне мән береді. «Жақсыдан жаман туса да, Жаманнан жақсы туса да, Тартпай қоймас негізге» деген бабаларымыздың сауелі сөзі бар. Жақсы мен жақсы құда болса, соған қуанған. Тең — теңімен. Арғы аталарының жақсылығын тілге тиек етемін. Міне, осындай-дәл сол кезеңдерде тойға келген мейманның барлығы сөздің төркінін түсінетін. Ауыл ақсақалдары, ақ жаулықты аналары әр сөзді ұйып тындайтын. Тыңдалатын

тағылымды сөз айтуға тырысатын едік. Андамай сөйлеген асаба тойдан қағылатын. Той үстінде ел ағаларынан ауыр сөз еститін. Елдігәрі той басқаруға жүрегі дауаламайтындай қылатын қорғасындай сын сөздер айтылатын. Менің буынымдағы асабалар әдептен аттамайтын қазақы қалжыңдарға ұшқыр еді. Кейде айтқыш, шешен меймандармен қағытпа қалжың айтысып, жиналған жұртты ду күлдіретін. Асабалар қазақтың қара өлеңін жатқа оқитын, домбырасын алып әндететін, сатирик болған, еліне елеулі, халқына қалаулы болған, бүгінде жас асабаларға жөн нұсқайтын ақсақалға айналған Ақан Шыңғысұлының осыған қатысты пікірін білген едік.

Бүгінде көпшіліктің сұранысында жүрген Мейірбек Байшағиров есімді шоумен де өз пікірін білдірді.

— Тойға әтүсті қарайтын шоумендердің кесірінен бәрімізге топырақ шашылып жатады. Мысалы мен бір тойым бір тойыма ұқсамауын қадағалаймын. Тапқан ақшам адал болу үшін той алаңында жанымды саламын. Меймандардың көңілін көтеремін. Тойға кәсіби көзқараспен қараймын. Меймандар мен басқарған тойда күліп-ойнап, шат көңілмен отырғандарын қалаймын. Менің стилім — осы. Және осы стильдің өз аудиториясы бар. Бүгінде халық көп сөзден жалықты деп ойлаймын, — деді Мейірбек Байшағиров.

Қадірі қашқан беташар

Беташар төңірегінде де дау көп. Бір жыл бұрын фонограммамен бет ашатындарды сынаған едік. «Әулетке жаңа түскен келінге өсиет, өнеге айтылатын кастерлі рәсімнің берекесі қашты» деп

шырылдадық. Қанша шырылдасақ та, тиылған жоқ. Бүгінгі күнге көз гитарамен бет ашқанды да көрді. Беташардың мәтіні тіпті оңып тұрған жоқ.

Беташар қашан, қай жерде айтылады? Міне, әуелі осыған да тоқталған жөн. Беташар келін түсірген әулеттің «үлкен тойында» айтылып жүр. Бұған үйренісіп кеттік. Беташар қуанышқа қуаныш қосатын салтанатты рәсім болғандықтан, той иелері «ел-жұрт куә болсын» дейді. Кейбірі осы рәсім барысында қоржын қойып, меймандардан «көрімдік» деп ақша жинайды. Бұл — дұрыс па, бұрыс па? Ақша жинау мәселесі «Ortalyq Qazaqstan» газетінде 2021 жылы көтеріліпті. Бұрыс депті. Олай деуімізге де себеп бар. Мұндай әрекет Арқа жұрты үшін 4 жыл бұрын өте жат болып көрінген. Бірақ, Илияс Жансүгіровтің «Беташарында» «Келін келді көріңіз, Көрімдігін беріңіз» деген тармақтары бар. Бұл — классикалық үлгісі. Қуаныш иесі сұрамаса да, «өзіме де жұғысты болсын» деген ниетпен көрімдігімізді қолына ұстататын халықпыз. Бәрі — ниетімізден. Ал, көрімдікті кім қалай жинайды, өз еркінде. Бұған ақылсынып, төрелік айтудан аулақпыз. Бүгінде беташарда қоржын қойылатын тойларды жиі көретін болдық. Яғни, халықтың арасына сіңді деген сөз. Заманына қарай, әркім өзінің қалауынша, ниетіне, тілегіне қарай рәсім атқарады. Уақыт өтеді, уақытпен бірге жанарулар болады. Халық өз көңіліне жағатынын алып, жақпайтынын ысырып отырады емес пе? Өгіз өлмейтін, арба сынбайтын кесімі осы деп ойлаймыз.

— Құдаласқан екі рудың таным-түсінігінің қабысу-қабыспауы деген мәселе бар. Салт-дәстүр ерікпеннің ермегі емес. Келін қыз кезінде бір рудың өкілі. Ал, әр ру «жеке ғарыш әлемі» деп бағаланған. Ол рудың бойында өзіне ғана тән жақсы және жаман қасиеттері болуы мүмкін. Сол қасиеттерді екінші рудың бойына өткізуге тырысқан бабаларымыз. Сондықтан, келіннің бетіне орамал жабылады. Ақ түс — пәктіктің белгісі. Яғни, келін кіршіксіз күйде, бойындағы қажетсіз ақпараттар арғылып, жаңа әулетке, «жаңа ғарыш әлеміне» таза қалпында енісін деген философиялық астар бар, — депті бір сұхбатында жыршы, өнертанушы Берік Жүсіп.

«Келіннің маңдайынан бетін ашқан ақын сүйе ме, әлде енесі сүйе ме?» деген де түйткілді сауал көптің көкейінде жүр. Сауалға жауап іздеп біршама этнографиялық кітапты ақтардық. Этнографиялық еңбектерде де, халық ауыз әдебиетінде де келіннің бетінен сүю туралы ештеңе айтылмаған. Филология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі айтыскер, талай жыл қазақтың дүбірлі тойларын тізгінідеп, келіннің бетін зерделі сөзбен, өнегемен көмкерілген жырмен ашқан ақын Қойлыбай Асан келіннің маңдайынан сүю деген болмағанын айтты.

— Қазақтың тойында ешқашан бет ашқан өнерпаз келіннің маңдайынан сүймеген. Бұл — әлбетте, әдепсіздік. Беташарын айтып болып, домбырасымен бетін ашады. Өнерпаздың негізгі миссиясы — осы, — деді Қойлыбай Асанов.

Бұған қатысты филология ғылымының докторы, профессор Берік Рахымов та пікірін айтты.

— Беташар дегеніңіз — келінге жаңа жұртын таныстыру десек те болады. Ата-енесін, қайын ағасын, қайын іні, қайын апасын, қайын сіңлісін, күйеуінің нағашыларын секілді туысқандарымен таныстырады. Мұхтар Әуезов «Жас келінге түсіп жатқан жұрты — беймәлім. Сондықтан, оған таныстыру керек. Таныстыру үшін беташар айтылады. Беташар айтылған соң енесі бетінен, немесе маңдайынан сүйіп, отқа май құйғызады» деген, — деді Берік Рахымов.

Түйін

Дәуір алмасқан сайын қоғам да трансформацияланады. Қоғаммен бірге салт-дәстүр де түрлі қажеттіліктерге қарай трансформациялануы заңдылық. Дегенмен, ата-бабаларымыз қалыптастырған салт-дәстүрдің түпкі мәнінен біржола тамыр үзбеген дұрыс деп білеміз. Өйткені, салт-дәстүр — халықтың болмысы, бояуы, негізі, табиғаты. Ал, осының бәрінен безіну — өзінің әуелгі жаратылысынан безінумен бірдей.

Ұятынан, әдебінен, мәдениетінен ажыраған жұрт уақыт желінің өтіндегі қаңбаққа айналады. Ұлттық сана, парасаты, ақылы, наным-сенімі, тамыры түбінде құрып тынады. Міне, қазақтың тойында әдепті сақтаудың маңызы осында.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Жүректерді жақындатқан сәт

16 наурыз – Көрісу күні Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты мекемелерде де ерекше аталып өтті. Мерекеге орай жазасын өтеп жатқандар туған-туыстарымен бейнебайланыс арқылы тілдесіп, жылы лебіздерін білдірді.



Polisia.kz порталының мәліметінше, акцияның басты мақсаты – сотталған азаматтардың отбасымен байланысын сақтау, олардың моральдық-психологиялық жағдайына қолдау көрсету және қоғаммен байланысын үзбеуге жағдай жасау.

— Көптеген сотталғандар үшін бұл — туған-туыстарымен байланыс орнатудың сирек мүмкіндігі. Бейнебайланыс арқылы жақындарын көріп, мерекемен құттықтау олардың көңіл күйіне оң әсер етеді. Заманауи технологиялардың арқасында адамдар арасындағы қашықтықты азайтуға мүмкіндік бар, тіпті, осындай ерекше жағдайда да, — деп атап өтті колония әкімшілігінің өкілдері.

Акция барысында сотталған-

дар ата-аналарына, жұбайларына және балаларына мерекелік тілектерін жолдап, амандық сұрасты. Ал, жақындары болса жылы сөздерін айтып, қолдау білдірді. Мұндай кездесулер жазасын өтеушілердің психологиялық жағдайына оң әсер етіп, олардың түзелуге деген ынтасын арттыратынын мамандар да атап өтеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, әлеуметтік және тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар жазасын өтеп жатқан азаматтардың қоғаммен байланысын сақтауға, олардың отбасы құндылықтарына түсінуіне және жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Өз тілімізден

Көгілдір отынның игілігі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі өз Жолдауында өңірлерді газдандыруды халықтың тұрмыс сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі ретінде атап өткен болатын. Президент тапсырмасына сәйкес ел аймақтарында инфрақұрылымды жаңғырту және тұрғындарды табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде облыста соңғы жылдары мыңдаған тұрғын табиғи газға қосылып, экологиялық тұрғыдан тиімді әрі қолайлы отын түрін пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, бүгінгі таңда Қарағанды және Теміртау қалаларында 16 500 жеке тұрғын үйге газ жеткізілген, ал, 7 500-ден астам абонент газбен жабдықтау жүйесіне қосылған.

Газдандыру жұмыстары аймақтың үш іргелі қаласында жүргізілді. Былтыр өңірде газ тарату желілерін салу жұмыстары Қарағанды, Теміртау және Шахтинск қалаларында іске асты. Жалпы ұзындығы 269,5 шақырым болатын газ құбырлары тартылды. Негізгі жұмыс көлемі облыс орталығы — Қарағанды қаласына тиесілі. Мұнда 171 шақырым газ желісі салынды. Ал, құрыш қала Теміртауда 63 шақырым, кеніш басындағы Шахтинскіде 35,5 шақырым газ құбыры тартылды.

Қарағанды қаласында шамамен 10 мың үй газға қосылу мүмкіндігіне ие болды, оның 7 199-ы техникалық шарттарын рәсімдеген. Теміртауда 6 500 үйге газ желісі жеткізіліп, олардың үш мыңға жуығы техникалық шарттар алған.

Қазіргі уақытта газбен жабдықтау жүйесіне 7 527 абонент қосылған, бұл газ желілері жеткізілген үйлердің жалпы санының 45,6 пайызын құрайды.

Қарағанды қаласын газдандыру жобасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Жоба 16 іске



қосу кешенін және құрылыстың төрт кезегін қамтиды. 2025 жылға дейін бірінші кезектің бірінші, екінші және үшінші іске қосу кешендері пайдалануға берілді. Өткен жылы тағы екі ірі кезең аяқталды.

Олардың қатарында ұзындығы 109 шақырымды құрайтын, 2477 шығу нүктесі бар төртінші іске қосу кешені, сондай-ақ, ұзындығы 62 шақырым және 1356 шығу нүк-

тесі қарастырылған бесінші іске қосу кешені бар.

Биыл өңірде газдандыру жұмыстары жалғасады. Шамамен тағы 90 шақырым газ тарату желісін салу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта бірінші кезектің алтыншы іске қосу кешенін жүзеге асыруға арналған жобалық құжаттама дайындалды. Бұл жоба Тауғұл және Күңгей шағынаудандарын қамтиды.



Сонымен қатар, жетінші іске қосу кешенінің бірінші кезегінің, сондай-ақ, бірінші және екінші іске қосу кешендерінің екінші кезектерінің құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Жетінші кешен аясында жеке сектордағы бірқатар көшелерде газ желісі тартылады. Атап айтқанда, Рыбная, Кондитерская, Керамическая, Гончарная, Балхашская, Кирпичная, Четская, Стекольная, Спасская, Ключевая, Дүйсебеков және басқа да көшелер қамтылады.

Жоба бойынша 1 801 абонентті газбен қамту көзделген. Бұл үшін шамамен 65 шақырым газ желісі тартылып, орта және төмен қысымды 19 газ реттеу пункті орнатылады. Теміртау қаласында газдандыру жобасы толық аяқталды. Жоба сегіз іске қосу кешенін және құрылыстың үш кезегін қамтиды. Нәтижесінде 6 500 үйге газ жеткізілді.

Ал, Шахтинск қаласында газдандыру жұмыстары әлі де жалғасуда. Мұнда жалпы ұзындығы 229,22 шақырым болатын газ тарату желілерін салу жоспарланған, бұл 2480 үйге газ жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта «Шахтинск» автоматтандырылған газ тарату станциясының және ұзындығы 18 шақырым, диаметрі 530 миллиметр болатын жоғары қысымды газ құбырының құрылысы аяқталды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● 18 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ КИИМ КҮНІ

Бірегей болмыстың айнасы

Көктемнің шуақты мерекесі – «Наурызнама» онкүндігінде әр күннің өзіндік мәні мен мазмұны бар. Солардың бірі – Ұлттық киім күні. Бұл – халқымыздың сан ғасырлық мәдениеті мен талғамын, ұлттық болмысы мен рухани мұрасын айшықтайтын ерекше күн.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ халқының ұлттық киімі – тұтас бір халықтың тарихын, дүниетанымын, салт-дәстүрін бойына сіңірген асыл мұра. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ киім үлгілері қарапайымдылығымен, ыңғайлылығымен және көркемдігімен ерекшеленді. Киімдегі әр ою-өрнек пен әшекейдің өз мәні мен мағынасы бар.

Ұлттық киімдерді тигуде былға-ры, жүн, киіз, жібек пен түрлі ма-

талар кеңінен қолданылған. Бұл материалдар адамға жылулық пен жайлылық сыйлап қана қоймай, киім иесінің әлеуметтік мәртебесін, атақ-дәрежесін, тіпті, байлығын да білдіреді. Ал, асыл тастар мен күміс, алтын әшекейлер киімге ерекше сән мен салтанат берген.

Дәстүрлі киімдері – ұлттық болмысымыздың көрінісі. Сауқеле мен кимешек, камзол мен шапан, кең етеккі көйлек пен зерлі шапан – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан эстетикалық талғамының айқын белгісі.

Бүгінгі модернизация дәуірінде де ұлттық киім өз мәнін жоғалтқан жоқ. Керісінше, дәстүр мен заманауи стиль үйлесім тауып, ұлттық киім жаңа қырынан танылып келеді. Соңғы жылдары этно-стильдегі киімдер мен әшекейлер күнделікті өмірге бағыт еніп, ұлттық нақыштағы киімдерге деген қызығушылық артып отыр. Бұрын ұлттық киімдер көбіне мерекелік іс-шараларда ғана киілсе, бүгінде жастар мен үлкендер күнделікті өмірде де камзол, шапан, ұлттық әшекейлерді еркін қолдана бастады.



Көбіне елге белгілі тұлғаларға құрмет ретінде иығына шапан жабу дәстүрі де – ұлттық киімге деген ерекше құрметтің белгісі. Бұл – ата-бабадан жалғасқан ізеттің, сыйластықтың айғағы.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында ұлттық киім мәдениетін дәріптеудің маңыздылығына арнайы тоқталып, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдануға шақырды. Ұлттық киімнің халқымыздың рухани байлығы мен мәдени қолын сақтайтын маңызды құндылық екенін де атап өтті.

Ұлттық киім күні жаңа серпін беретін шығармашылық алаңға да айналып келеді. Бұл күні еліміздің әр өңірінде түрлі фестивальдар, сән көрсетілімдері, көрмелер мен байқаулар ұйымдастырылып, дәстүр мен заманауи сән үйлесім тапқан тың жобалар халық назарына ұсынылады.

Атап айтсақ, жыл сайын кеншілер астанасында Ұлттық киім күніне орай облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Кеншілер мәдениет сарайында түрлі ауқымды мәдени шаралар өтеді. Соның ішінде дизайнерлер өз коллекциясын таныстыратын «NAURYZ – FASHION» этно-заманауи киімдер фестивалі дәстүрге айналған. Аталған фестивальда ұлттық нақыштағы заманауи киім үлгілері ұсынылып, жас дизайнерлердің шығармашылығына жол ашылады.

Наурызнама аясындағы бұл күн – бүгінгі мәдени өміріміздің ажырамас бөлігі екенін тағы бір мәрте еске салатын ерекше мереке. Ұлттық киімді кию арқылы біз ата-бабадан қалған бай мұраны құрметтеп, оны келер ұрпаққа аманат етеміз.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● БАЙҚАУ

Өнерімен өрге жүзген

Бұқар жырау ауданына қарасты Доскей ауылының тұрмасы Кәусар Ергазиева ақын Лияс Жансүгіровтің шығармашылығына арналған «Домбырамен өрілген жыр» республикалық байқауында жеңімпаз атанды. Шығармашылық дода Астана қаласында өтті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәусар Ергазиева «Домбырамен өрілген жыр» номинациясында қазылар алқасының жоғары бағасын алып, топтан кара үзді. Ол қазақ поэзиясының құлагері Лияс Жансүгіровтің «Домбыра» өлеңіне жазылған әнді шырқады. Әннің авторы – композитор Серікжан Әбдінұров. Жас әншінің шынайы әрі әсерлі орындауы қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Байқауға дарынды оқушыны Доскей ауылының Мәдениет үйіндегі «До мажор» вокал үйірмесінің жетекшісі Дариға Біләлова баптаған.

– Кәусар бала кезінен-ақ әнге құмар. Ол өте еңбеккер, музыканы жақсы көреді, үнемі да-

муға ұмтылады. Кәусар ән салғанда шынайылық пен оның жан дүниесі анық сезіледі. Алда оны әлі талай өнер додалары мен жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенімдімін, – деді жетекшісі.

– Кәусар Ергазиева Ахмет Байтұрсынұв атындағы орта мектептің 9-сыныбында оқиды. Ол вокал үйірмесінен дәріс алады. Сонымен қатар, «Балдәурен» би ансамблінің мүшесі. 9-сыныпты аяқтағаннан кейін Тәттімбет атындағы өнер колледжіне түсіп, талантты әрі қарай дамытып, өмірін музыкамен байланыстыруды жоспарлап отыр.

«Домбырамен өрілген жыр» республикалық байқауы бірнеше бағыт бойынша өтті. Әннен бөлек, құлагер ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқушылар да бақтарын сынады.

Суретті түсірген
Дариға БІЛӘЛОВА



Жәдігерлерді ЖИ жаңғыртады

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Наурызнама» онкүндігі аясында Көрісу күніне орай театрландырылған элементтері бар онлайн музейлік сабақ өтті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Онлайн музейлік сабақта Көрісу күнінің мазмұны, адамдардың бір-бірімен амандасып, «Бір жасыңмен!» деп тілек айту дәстүрі, үлкенге құрмет пен киіске ізет көрсету мәдениеті туралы айтылды. Сондай-ақ, бұл күннің татулықты нығайтып, адамдар арасындағы сыйластық пен бірлікті арттыратын ерекше мереке екені көрсетілді.

Музей басшысының ғылым жөніндегі орынбасары Мөлдiр Болат іс-шараның мән-маңызына тоқталды.

– Музейлік сабақтың негізгі мақсаты – қазақ халқының ежелден келе жатқан «Көрісу күні» дәстүрінің мәнін түсіндіру және оның қоғамдағы рухани маңызын көрсету. Мереке қарсаңында музейдің әлеуметтік желілерінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану арқылы дайындалған промо-роликтер алдын ала жарияланды. Музей қызметкерлері жасанды интеллект қосымшаларымен осындай жұмыстарды атқаруда. Өйткені, заман талабы бұл. Біз тарихты сақтаушының ғана емес, әлеуметтік желілерде дәріптеушінің де ролін атқаруымыз керек, – деді Мөлдiр Болат.

Сонымен қатар, бейнероликте жанару мен жақсылықтың символы саналатын бұл күн қарсаңында музейдегі экспозициялардың жанаруында символикалық мән бар екені айшықталды. Бұл оқиға өткен мен бүгінді байланыстырып, өңір тарихын дәріптеуге бағытталған маңызды қадам ретінде көрсетілді.

● ШАҒЫ СПОРТЫ

Түнгі марафон – тың бастама

Қарқаралылықтар қар кетпейінше шаңғысын тастамайды. Қолы қалт етсе болды, тауды бетке алып, шаңғы теуіп, табиғат аясында сөйіл құруды әдетке айналдырған. Енді бұдан былай қарқаралылықтар күндіз ғана емес, түнде де шаңғы тебетін болды. Аудандық жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Думан Бейсенаев түнгі марафон форматында жаттығу ұйымдастырып, жастарды қысқы спортқа баулып жүр. Мұндай ерекше бастама елімізде бұрын-соңды қолға алынбаған. Осылайша, қарқаралылықтар тың жобаны алғаш болып бастап, түнгі жаттығуларды жүйелі түрде өткізе бастады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Думан Бейсенаевтың айтуынша, кешкі уақытта қар тығыздалып, трасса сырғанауға барынша қолайлы болатынын айтады. Сондықтан, түнгі жаттығулар шаңғышылар үшін тиімді әрі қызықты өтетінін айтады. Әр қатысушыға арнайы шам жарығы беріледі. Ереже бойынша спортшылар 15 шақырымдық қашықтықты бағындыруы тиіс. Сонымен қатар, жаттығу барысында әр қатысушы бір-бірінен кемінде үш метр арақашықтықты сақтауы міндетті.

– Түнде сырғанағанда тек шамның жарығы түскен жер ғана көрінеді. Сондықтан, трассаны алдын ала мұқият зерттеп, қай жерде қандай бұрылыс барын, қай жерде қардың қалың түскенін алдын ала біліп алу керек. Бүгінде Қарқаралы жастары кешкісін телефонға телмірмей, осында сырғанауды әдетке айналдырып жүр. Тіпті, ата-аналар да өз тарапынан алғысын білдіріп жатты, – дейді жаттықтырушы Думан Бейсенаев.

Шәкірті Нұрмұхамбет Тілеубек түнгі форматтағы шаңғы үйірмесі ашылғаннан бері күні бүгінге дейін қалған емес. Түнгілікте сырғанаудың тиімділігін айттып, қатарластарын да осында шақырды.

– Түнгі ауа – таза әрі сергек. Екінші тынысын



ашылғандай әсер аласын. Маған түнгі сырғанау ұнап қалды. Күндіз адам көп болған соң, еркін сырғанау алмайтын едік. Жаттығу барысында қателік жіберсек, жаттықтырушымыз көрсетіп, түсіндіріп береді. Кешкісін үйде жатып, көшеде бос жүргенімше, осында келіп шаңғы тепкенім артық. Ал, түнгісін сырғанау – тіптен, бөлек әсер, – деді Нұрмұхамбет.

Думанның өзі түнгі шаңғы марафонына қатысқан жалғыз қазақстандық. Атап айтсақ, Швейцарияда өткен түнгі марафонда 17 шақырымдық жолды бағындырып, 2000 үміткердің ішінде 21-ші болып мәре сызығын кескен.

– Швейцариядағы марафонға қатысқан сәтінді сезбен жеткізу қиын. Бұл менің арманымның орындалған бір бөлігі ғана еді. Ондағы атмосфера ерекше, ұйымдастыру деңгейі өте жоғары. Мұндай ауқымды жарыстар дәл сол жерде өтеді. Жыл сайын түнгі марафонға әлемнің мықты спортшылары жиналады. Солардың қатарында болғанға маунаштымын. Қысқы

спорт түрлеріндегі шетелдік тәжірибені Қазақстанға енгізім келеді. Бүгінгі түнгі марафон – сол бастаманың бірі. Алдағы уақытта қарқаралылықтардың жұмысқа шаңғы теуіп келу дәстүрін қалыптастырсам деймін. Ең үлкен арманым – шаңғы спорты бойынша әлем чемпионын тәрбиелеу, – дейді Думан Бейсенаев.

Айта кетейік, Думан Бүркітұлы Қарқаралы ауданында бес жыл бойы республикалық шаңғы марафонын ұйымдастырып келеді. Бүгінде бұл игі дәстүр ауылдық жерлерде де жалғасын тауып отыр. Жарыстың негізгі ұйымдастырушысы да, демеушісі де – өзі. Ол бұл жолда қажыр-қайратын ғана емес, жеке қаржысын да аямай жұмсап келеді.

Осылайша, шаңғы спорты бүгінде тек кәсіби спортшылардың ғана емес, кеңінен таралған бұқаралық демалыс түріне айналып келеді. Сондықтан, бұл спорт түрінің болашағы зор деуге толық негіз бар.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88

телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 035

№29 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Ерік НАРЫН